САРАСӨЗ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ӘДЕБИ-ҚОҒАМДЫҚ ЖУРНАЛ

EXCLUSIVE

Сарасөз 3 жаста!

№28-29 (34-35) / Мамыр 2020 жыл



САРАСӨЗ

Директор-Бас редактор
Гүлжаз ҚАРЫБЕК

Дизайны: **Бекжігіт Сердәлі**
Қатегері: **Мөлдір Тәукебаева**
SMM-менеджер: **Еңлік Қалдархан**
Суретші: **Мұрат Шаханбай**

Редакцияның мекен-жайы: Түркістан қаласы, Бортөбе көшесі, 33-үй.
Тел: 87028398688, электронды пошта: gulastana100@mail.ru

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникация министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік бақылау комитеті мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою туралы куәлігі №16302-ж 17.01.2017 ж. берілді
меншік иесі:
ЖК «Қыдықбекова Г.К.»

Журнал «Print houze Gerona» ЖШС баспаханасында басылды. Мекен-жайы: Алматы қаласы, Сәтпаев көшесі, 30 А/3-үй

Мақала авторының көзқарасы редакцияның көзқарасы болып есептелмейді. Фотосуреттер мен қолжазбалар қайтарылмайды. «Сарасөзде» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, журналға сілтеме жасалуы міндетті

Таралу аймағы: Қазақстан Республикасы

Таралымы: 5000 дана

Журнал айына бір рет шығады.





Ақ жүректі аяулы аналар! Қымбат қылықты қадірлі қыз-келіншектер!

Сарасөздің самауырын қайнатып, қазақтың қасиетті тілінің қаймағын қалқыған біздің балғын басылымымыздың тұсауы кесіліп, иісі түркінің алтын тәжі – Түркістанның киелі топырағында табанын тәйтай басқалы да Ұлы Даламыздың жұпар аңқыған жусаны үш дүркін қайтара көктепті.

Уақыт-сәйгүліктің болат тұлпары көне шежіреміз бен тәлімді тарихымыздың қазыналы құпияларын жарқыратып, қалың қазақтың баталы бүгінінің бетін ашты, еңселі ертеңіне ер салды.

Тұранның тұғырлы тұлғаларын тәу етіп, алаштың айбынды ардақтыларын адақтадық. Қазақтың күнгейі мен күмбезін, заңғары мен айбарын тілге тиек еттік.

Бүгінгі тәмсіл – тірліктің тамыры, бірліктің тәлімі – аяулы аналарымыз бен ардақты қыз-келіншіктердің еншісінде. Тегінде Тұмар патшайымның қайсарлығын, Айбикенің ақылын, Айғаным мен Зере аналарымыздың алақанын, Әлия мен Мәншүктің ерлігін, Ләззат пен Сәбираның жігерін мадақтап-мақтауға қызыл тілдің қарғын қуып, сарқын жуған қауқары жетпес.

Қарағай басын шортан шалған шалғай күн, аулақ кезеңде от ауызды, орақ тілді атақты Ақын Сара:

«Қызы едім Тастанбектің, атым Сара,
Арман көп, ауызыма халқым қара.
Қорғанар көп ішінен бұта таппай,
Шырылдаған бозторғай мен бір бала!» – деп, қара қылды қақ жарған өмір шындығын, замана ақиқатын айтып, әйел теңдігіне алдаспан-жырымен араша түсті.

Қазақтың әйелі көз ашылып, құлақ естігелі отбасының ұлтаны емес, ошақтың сұлтаны болған. Дәулеттің тағасы емес, әулеттің анасы атанған.

Жаңаның желі, қараның ебіне алданған соңғы уақытта ұлтымыздың ұлағатты арнасына ойда сасып, қырдан қашқан улы кермек сығалап сіңіп, анамыздың абыройы мен қызымыздың қадірін кемтар ой, кемшін түйсікке байладық.

Анаға көтерген қолды қылыш шапсын!

Қыздың арын арбағанның басында айбалта ойнасын!

Күн шығыстан шығып, батысқа сіңіп тұрғанда, қазақтың анасы – аяулы, жары – нәрлі, қызы – арлы болып қала береді!

САРАСӨЗ – жарық таңның күнгейінде, жарқын арман мінберінде қазақ қызының қалқан-қаруы, жан дәруі болсын!

Гүлжаз ҚАРЫБЕККЫЗЫ.

ҮШКЕ КЕЛГЕН ҮЛКЕН ЖОРНАЛҒА!



«САРАСӨЗ»!

*Сені және сенің барлық оқырманыңды 3-ке толған мерейлі кезеңіңмен шын жүректен құттықтаймын! Үш жыл деген балаға тән жас болғанымен,сен бүгін-ақ ересекше сөйлеп,үлкенше ой тастап жүрсің ортаға. Жорнал бетінде қаншама бағалы жазбалар жарияланды! Қаншама елге,ұлтқа қымбат тұлғалардың өмір тарихы,шығармашылығы жайлы тама-ша зерттеулер мен талдаулар жарыққа шықты! Қаншама сөз өнерінің,мәдениет пен өнердің,ғылымның озық өкілдерінің өмірбаяны мен кесек-кесек еңбектері өз оқырманына жетті! Осының бәрін сен үш жасқа толған кезеңіңде-ақ бере алдың Оқырманыңа! Сен ерте есейген жорналсың, «САРАСӨЗ»! Сондықтан мен жорналдың тұңғыш оқырмандарының бірі ретінде де, жорналға жазбасы жарияланған сирек қаламгерлердің бірі ретінде де Сенің ертеңіңе зор үмітпен қарап жүрмін. Қазақ қоғамының осы бір кезеңі сөз қадірі кетіп,кілең бір сақаулар мен тілін шайнағандар сөйлейтін кезең боп тұрғанда, Сен секілді есті,талғампаз жорналдың ақпарат айдынына өз жолымен келіп,өз орнын іздеп жатқаны қуантады. Әмсе сенің жарияланымдарыңнан ұлтқа мұра бо-латын жазба атаулының жаһұттарын көре берейік! Сенің сәби «САРАСӨЗден» дара «САРАСӨЗге» айналған күніңді көруге жазсын! Жазба әлемінде еркін құлаш ұрып жүзе бер,»САРАСӨЗ»! *

Несіп ЖҮНІСБАЙҰЛЫ,
журналист- жазушы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері

АРНАУ

«Сарасөзге»



Қолға алсаң газет-журнал оқымаққа,
Қалмайды ой өрісің тоқырап та.
Сарасөз – тамыр жайған бір бәйтерек
Әзірет жатқан асыл топыраққа.

Атына мән береді аңғарып кім?
Ғалымның кітабынан таңдалып тың.
Сарасөз сара жолға түсіп, міне,
Айналды үн-хатына бар халықтың.

Тірілтіп кәрі тарих жылғаларын,
Танытты мұрамыздың шын ғаламын.
Ұлыстың ұлы ерлерін дәріптеуде
Ұлықтап азаматын, тұлғаларын.

Әр саны Алты Алашқа таралатын,
Ұғады ел сөздің сырлы ғаламатын.
Сарасөз – сарқылмайтын сөз арнасы,
Жалғаған бабалардың аманатын.

Мұхит ТӨЛЕГЕН, ғалым

ТҰЛҒА

КҮЛӘШ АҚЫНҢЫН туған күні екен бүгін!



Байбота елгезектік танытып, Күләш Ахметова туралы аз сөз айтып, бір шоғыр әдемі өлеңдерін желіге салыпты. Оқып, рахаттанып отырғаным! Күләш жайында ой кешемін…

1973 жылы аяулы ұстазым Тұрсынбек Кәкішұлы Күләштің дипломдық жұмысы туралы мінберде тұрып төгіліп сөйледі. Студенттің өзінің журналистік публицистикалық мақалалары туралы! Ұмытпасам диплом жұмысының тақырыбы – «Еңлікгүлі қайда өседі?» Сарапшы профессорлар «Студенттің өзінің публицистикалық мақалалары» - өзі жазатын диплом жұмысына тақырып бола ала ма? Өз творчествосына өзі қазы бола ала ма?»-деп ойланып қалған. Біздің ұстазымыз жастардың жанашыры еді. Бәрімізді де кейін Алматыға алып қалған сол ғазиз жан. Студент жұмысына сұмдық ризашылық білдірді ол. «Алматыға алып қалуымыз керек мұндай талапты жастарды!» Ұстаздың кесіп айтқан сөзі осы болды. Біз ағымдағы баспасөзден өлеңдерін оқып жүрген Күләшті бұрынғыдан да жақсы көріп кеттік сол жолы.

Аз жылда Ахметованың «Ақ гүлім менің» аталатын өлеңдер жинағы жарық көрді. «Жалын» журналы бетінде мақала жаздым. Шынайы ақын деп жаздым. Ақындық беталысын сипаттадым. Талап та қойсам керек. Содан бері үзіліссіз оқып, ойланып оқып, үздіксіз қадағалап отыратын ақынım!

Ақын отбасымен де араласым бар біраз. Отбасы дегенде, отағасы Қайырбек Асановпен бірге қатар қызмет еттік баспасөзде. Үйінде болғанда жарасымды жұптың «менің інім», «жоқ, менің інім» деп екеуара таласқаны бар. Жүрегіме жылы тиді әрине. «Апа ма, жеңге ме?»,- ақынның өзі біледі дағы ақынның. Қалса Қайрекең! Мен абзал жандардың екеуін де

немере ағам сатира сары тісі, күлкі күлігі Көпен Әмірбектің курстас достары райында қадірлеймін. Бірінің ақындығын, бірінің азаматтығын!

Күләш Алматыда ауырып бастады. Ақыры туған Таразына қоныс аударуға мәжбүр. Түркстанға түбәлай қоныс аударған мына мен секілді. Ауру қол байлау. Ауру ақындық қиялыңды тұсап, буып матап тастайтын, тіпті бүкіл психикаңды бұзатын пәле. Беті аулақ. Күләшті өзіммен салыстыра бастадым ба? Жо-жоқ. Ақындықтан аулақ өзіммен салыстырудан аманмын Күләш ақынды! Айтайын деп отырғаным әдеби ортадан жырақ, шалғай орталықта өмір сүріп, шығармашылық жасаудың қиындығы. Әдеби орта – шығармашылық көрігі. Ол сынайды сені. Ол сынай отырып шыңдайды сені! Сол орта жоқ. Ауру бір жағында. Тұрмыс қамы тағы бар. Тәш-пүш! Рухсыз қоғамда алыс орталықта өмір сүру ауыр. Әкім біткен рухсыз! Ол сенің ақындығыңды не қылады? Кітап бетін ашып көріп пе олар?! Осындай мемлекетті дұрыс бағытта жасақтап, байлыққа мелдектетіп жасай алмай тұрып, аз қазынаны жан-жақтан тартқылап талан-таражға салып аздырып-тоздырып жіберуге шақ жүрген ортада жаның тынып шығармашылық жасау қайдан оңай болсын?! Тұрмыстық ауыртпалық, моральдық-психологиялық кедергінің бәрін жеңе жүріп Күләш өлеңін бөбегіндей әлдиледі. Бәлкім, ұлы ұстазы, замананың ұлы ақыны Әбділдә Тәжібайұлының «Күләш Ахметова – ақын» атап тұрып, айғайлатып жазған мақаласы да сынар сәтте сындырмай, құлар сәтте құлатпай демеп отырған шығар-ау. Күләштің ақындығын Әбділда ағадан бұрын біліп, бұрын тұшынып айтсақ та, Жырдария (Ж.Молдағалиев) атанған Әбділда Тәжібайұлындай жеткізе алмаған болуым керек. Әбекеңнің әлгі бір балаусан кезде жазған, жазған да ақындық визиткасындай етіп, жазушылық ортаға әкеліп ілген сенімінен кейін ақындық шартын арзандатып, ақындық салтын сақтамауға мүмкін емес еді. Не өлім, не өлең? Ахметова өмірі буырқаныста, драмалы күйді бастан кешіп келеді деп ойлаймын сол сәттерден бері! Рас, соңғы кездері өлеңін шиыршық атқызып тұрар ішкі драматизм орнын мұңды сарын басқан. Қазақ қызындай мұңдық бар ма мына заманда?! Қазақ қызының бүкіл арманын, ішкі күйікті күрсінісін жырлаумен келе жатқан ақын неге онда мұңнан тыс тұрсын?! Мұң – поэтикалық бояуы! Мұң – тіршілік тақсіретін жеткізер поэтикалық форма! Қоғам бойындағы дарақы мақтанға ілесіп жүріп кете барар болса Күләш ақынның өзге думаншыл дабырадан айырмашылығы қайсы?! Тараздың орта ғасырларда сұлулығымен шайыр біткенді тәнті ететін ғажайып қыздары мұңын бүгінгі бүкіл жан-дүниесі саудаға түсіп сансыраған қазақ қызының мұңлы тағдырына ұластыра жырлап Күләш ақын көне Таразда жүріп жатыр… Қайырбегі қасында! Ақындық көрігі нәзік күрілдейді…

...Күләш ақынның туған күні екен бүгін. Еске түсірген Байботаның елгезектігіне рахмет айта отырып, алыстан Ахметованың қолын қысамын! Қайырбектей ағаға сәлем жолдаймын!

Жылы, жылы сәлеммен...

Құлбек ЕРГӨБЕК

Түркістан, 25.04.2020 ж.



СЫРЛАСУ

Руханиятты сүйсең, менше сүй!

Гүлжаз, өзің негізін қалаған «Сарасөз» басылымы жарық көрген бір жарым жылдың ішінде өзіндік оқырманын тауып, олардың көңілінен шығып үлгерді. Сұхбатымызды осы басылым жайлы әңгімеден бастасақ...



Жалпы басылымды тәрбие құралы деуге әбден болады. Қазақта «Баланы тәрбиелеп әуре болудың қажеті жоқ, өзіңді тәрбиеле» деген жақсы сөз бар. Мен атам мен әжемнің қызы болдым. Марқұм нағашы атам Әділ өте оқымысты, сауатты кісі болған. Үйімізден үнемі газет-журнал үзілмейтін. Ауылдық жердің бейнетін білесіз, соған қарамастан қолы қалт етсе көзілдірігін қисайта киіп алып әрдайым шұқшиып газет-журнал оқитын да отыратын. Ойын баласы болсам да не оқиды екен деп, дәл сол бетті қайталап оқитынмын. Ағаларым да кітаптан бас алмайтын. Ауылдағы кітапханадан кітап қоймай оқитын. Ол кісілер мал жайғауға тысқа шыққанда ұрланып кітаптарын мен де қалыспай оқып жүрдім. Сөйтіп жүріп сөз өнеріне деген ынтызарлығым оянды. Үздіксіз оқу – өмірімнің бір бөлшегіне айналды.

Тағдырдың жазғаны болар, ата-анам өмірден ерте озды. Бауырым екеуміз нағашыларымыздың қолында тәрбиелендік. Анасының мейірімі жетіспеген бала ерте есейіп кететінін білесіз. Өз қатарымнан ерте есейдім. Үнемі ой үстінде жүремін... Санамда сансыз сұрақтар, соның барлығының жауабын кітаптан ғана таптым, ішкі қажеттілігімді кітап қана өтеді десем артық айтпағаным болар. Әлі де солай!

...Бала кезден-ақ өнерге әуес бол-

дым. Кішкентайымнан қоңыр үн өзіне ғашық етіп, баурай бастады. Құлақ құрышын қандырған сиқыр үн еріксіз баурап, үйдегі қара домбыраны тынымсыз дыңғырлатып, әупірімдеп үйреніп алдым. Қоңыр үнге әуестенгенім сонша, күй қыраны Қазанғаптың, күй дауылпазы Дәулеткерейдің, шертпенің шебері Тәттімбеттің және Құрманғазының күйлерін таңды-таңға ұрып тыңдадым... Күй – адамның өмірін, қуанышы мен мұңын, табиғат көріністерін суреттейтінін түйсіне бастадым. Төкпе күй мен шертпе күйді ажырата алатын деңгейге жеттім. Біздің үйде «Қазақ радиосы» таңнан кешке дейін саңқылдап тұратын. Атай мен әжейдің тыңдайтыны терме мен халық әндері. Терме табиғатын терең сіңіріп, Есенқұл Жақыпбектің «Жан қиссасын» аудандық жарыста құйқылжыта орындап, жүлделі орын да алғаным бар.

Жан-жақты болып өскен екенсің ғой...

Мен қоғамдық жұмыстарға белсене атсалыстым, оқуда озат болдым. Айналып

келгенде мұның барлығы мені сөз өнеріне жетеледі. Мектебіміздің директоры марқұм Асылбек Жақсыбеков ағайым «Гүлжаз - мектебіміздің шамшырағы» дейтін. «Сен дайын журналистсің» деп менің болашағыма бағдар бергендей болды. «Бір ауыз сөз айықпас дерт жияды, бір ауыз сөз қасіретті тыяды» деген дана қазағым не деген көреген десеңізші. Көрдіңіз бе? Мені өсірген жақсы сөз, жылы сөз! Журналымды «Сарасөз» атауымның түп-төркіні де осында жатыр...

Журнал ашу идеясы қайдан келді?

Журнал ашу идеясы осыдан 15 жыл бұрын қылаң берген болатын. Мен 2003-2007 жылдары Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің журналистика бөлімінде оқыдым. Өзіңіз білесіз, бізді бірінші курстан бастап оқу орны өндірістік тәжірибеге жібереді. Ауылда өскен, аядай ғана Түркістан қаласында оқитын қыз бала алпауыт Алматыға өндірістік тәжірибеден өту үшін республикалық басылымға топ ете қалды. Бір күні газет-журнал сататын дүңгіршекке мақалам шыққан газетті алуға барсам ана тіліміздегі басылымдар жоқтың қасы. Көбі орыс тілінде. Білесіз, Оңтүстікте орыс тіліне аса қажеттілік жоқ болғандықтан ба, таңданысымды жасыра алмай ойға шомдым. Өз-өзіме сол жерде «Жетіліп, кәсіби маман болғанда, бұл жыртықтың міндетті түрде жамаушы болуға атсалысамын» деп, уәде бердім. Университет қабырғасын да үздік бітірдім, алғашқы курстан-ақ мақалаларым, сұхбаттарым, әңгімелерім республикалық басылымдарға жариялана бастады. Мемлекеттік грантта оқыдым. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың стипендиясын жеңіп алдым.

Одан кейін өмірдегі ең үлкен бағым деп есептеймін, қара шаңырақ «Қазақстан әйелдері» журналына қызметке келдім. Журнал ашар ма едім, ашпас па едім, дәл осы редакцияда Сіздерден журналдың ішкі жұмысына әбден қанық болып, тәжірибе жинаған соң, тәуекелге бел будым. Елім маған не береді емес, мен еліме не беремін дейтін жасқа келдім! Бұл журналдың артында ата мен әженің, ұстаздың үмітін ақтау һәм перзентіннің алдында үлгі болу деген секілді үлкен мән-мағына жатыр!

Ал журналыңның «Сарасөз» деп аталуының себебі неде?

Жоғарыда атап өттім, десе де қоса кетейін, қазақта «рухани әке» деген түсініктің бар-жоғын дұрыс білмейді екенмін. Сөз өнерінде «Сын сәйгүлігі» атанған филология ғылымдарының докторы, профессор Құлбек Сәрсенұлы Ергөбекті мен солай атар едім. Не себепті бұлай атайтыным түсінікті болу үшін өткен шақтан аз-кем әңгіме қозғасам деймін.

Университет табалдырығын алғаш аттаған кезім. Үлкен өмірге енді ғана аяқ басып, дүниетанымым толық қалыптаспаған шақта осы кісіге шәкірт еткен тағдырыма дән ризамын. Мұндай бақ екінің біріне бұйыра бермесі анық. Жастайымнан өмірдің біраз соқпағын көріп, әке қамқорлығына зәру едім. Ол кезде бұл кісінің шығармашылығымен де толық таныс емеспін. Алғаш рет қалам тербеп, кішігірім әңгіме жазып алдына барғаным әлі есімде. Осы әңгімеме жазған «алғысөзін» жабырқаулы жаныма қанат бітіріп, әрі қарай қалам ұштауыма ықпал етті. «Гүлжаз Қарыбекқызы – талабы бар, соған орай талпынысы бар жас. Өмірден өнер шығарғысы келеді. Шындап ұмтылып, зерделей зерттесе, өмір – өзінің барша драмасымен тұнып тұрған өнер көмбесі. Алайда оны көру, тану үшін, тауып тыңдайтын, ірілетіп

өнер пәніне айналдыру үшін көкірек көзі көреген, қаламы епсекті болуға керек. Гүлжаздың бойында жақсы бастама бар. Оның «Сенемін бір бақытқа...» әңгімесі – сөзіміздің жоралғысы». Міне, ұстаздың осындай бағасынан кейін қалай жазбайсың?!Әкелік ақылын айтқанда, ет-жүрегім елжіреп, жанарыммен қосыла жаным да жылап қоя берді. Бұл, әрине – шынайы жанашырлықты сезінген қуаныштың көз жасы еді. Батасын алдым. «Айналайын» деген бірауыз сөзінің өзі шерлі жүрекке қаншама ем десеңші!2004 жылы сүйікті ұлы Сәбиті дүниеден өткенде, ол кісі қатты қайғырып, қабырғасы қайысты. «Жүректің басына шер байланып, өмірдің баянсыздығын, жалғандығын ұқтым» дегенін ұмытқаным жоқ. Қолғабыс етіп, марқұм ұлы Сәбитіне жазған эссе-күнделігін компьютерге тергенім бар. Естеліктің әр беті «Құлыным, сенсіз тағы бір таң атты...» деп басталады. Мен қашан жазып біткенше, көзімнің жасын тыя алмаушы едім. Жазбадағы сағыныш-мұңға шер боп қатқан жүрегімдегі қайғы қосылып, шерменде күй кешетінмін. Қазақтың «атам-айлатсаң да, ботам-айлатпа» дегені осы екен-ау. Перзент қайғысы бәрінен ауыр. Дегенмен, ол кісі басын тік көтеріп, қайғысын жеңіп, шығармашылығын қайта жалғастырды. Сол мезетте жанында жүріп, көп нәрсені ұқтым, көңілге түйдім. Төл әдебиетімізге сіңіріп жатқан ерен еңбегін қалың қазақ біледі. Кейінгі жылдары «Сарасөз», «Өлең сөз», «Қара сөз», «Дара сөз» атты кітаптары жарық көрді. Сол «Сарасөз» кітабы қолыма тиген соң, оқып, кітаптан алған әсерден журналыма әдейілеп сұрап алдым. «Сарасөз» кітабы туралы көп дүние айтуға болады, ол ұзақ әңгіме. Осылайша «Сарасөз» кітабының екінші ғұмыры басталып кетті. Кітаптың атын алғандықтан ба кейде адамдар «Құлбек Ергөбектің журналы екен» деп сан-саққа жүгіртіп, түрлі сұрақтар қойып суыртпақтап жатады. Ұстаздан «Сарасөз – көне Үйсін мемлекетінің Күнби хандығынан тартып, күллі түрік халқының тарихын, кешегісі ғана емес, бүгінін, ертеңін жырлайтын, шежіредей сөйлететін әділ басылым болсын!» деп батасын алғанда, кітабының атын арнайы сұрап алғанда тұрған не бар?! Шын мәнісінде құрылтайшысы да редакторы да өзіммін!

Үлкен бір басылымның жүгін көтеру әйелтүгіліерадамғаоңайға соқпайды. Осы басылымның редакторы, әрі құрылтайшысы ретінде журнал шығарудың қиындықтары жайлы сөз етсең?

Мобильді заманда журнал шығару оңай емес. Менің журнал ашуым - үлкенкіші гаджетке тәуелді уақытқа тура келді. Алайда классикалық басылымдарға сұраныс жоқ емес. Бәсекеге қабілетті етіп жүргізе алсаң болғаны. Қағазды иіскеп оқығанның ләззаты бөлек, миым демалып қалды деген мазмұнда редакцияға алғыс арқалаған хаттар келіп жатады. Адам мамандығын шексіз сүйсе ғана қоғамға пайда әкеліп, мемлекеттің толыққанды мүшесіне айнала алады деп ойлаймын. Олай дейтінім, жақында ғана бір кісі «Журнал шығару өнер ме, кәсіп пе?» деп сұраған еді. Сұрағының жауабын өзі айтып тұр. Яғни журнал шығару өнер де, кәсіп те! Өнер екенін жоғарыда толық тарқаттым. Кәсіп екеніне мысалдар келтірейін. Мен материал жазумен, оқылымды материал жинақтаумен ғана шектелмеймін. Жаңа басылым аяқтан тік тұруы үшін оқырман тартумен, таралымымен, келісім-шарттар, келіссөздер, бухгалтерлік есебі, дизайны, баспахананың шығынынан сияқты көптеген шаруалардың барлығымен жанымды салып айналысамын. Оқырмандар арасында түрлі бәйгелер ұйымдастырылып, жүлделі сыйлықтар берілді. Тағы бір айтатыным, өз-өзімді жұмыспен қамтып, қала берді мемлекетке салық төлеп еліме пайдамды тигізіп отырмын. Демек, өнерім арқылы кәсібімді дөңгелетіп отырмын деген сөз. Шаршасам да жұмысымнан ләззат аламын! Күллі түркі әлемінің рухани астанасы Түркістан қаласынан республикалық деңгейде, бәсекеге қабілетті журнал шығарып жатқанымды мақтан тұтамын!Аракідік «Руханиятты сүйсең менше сүй!» деп достарыма қалжыңдап отыратыным бар.

Шынын айтсам, біздің қазіргі қоғамда Кеңес Одағымен салыстырғанда газет-журнал қадірін білудің бір қайнауы жетпей жатқан секілді...

Нарықтық заманда материалдық құндылық алға шығып кетті емес пе?! Жалпы отбасынан алған тәрбиеге де көп нәрсе байланысты. Адам негізгі тәрбиені отбасынан алады. Одан кейінгі орта сол алған тәрбиеңе қарай әрекет еткізеді. Өзіміз телефоннан бас алмай отырып

балаға қалай кітап оқы дей аламыз? Бұл менің адамдар гаджет пайдаланбасын деген көзқарасымды білдірмейді. Тек әр нәрседе шекара барын ұмытпайық!

Қазақ әйелінің жан-жақтылығы, қолынан бәрі келетіні 90-жылдары еліміз нарықтық экономикаға көшкен кездегі қиынқыстау шақта тағы бір дәлелдене түскендей. Бүгінде саясатта, өнерде, спортта, бизнесте істері өрге басып, табысты еңбек етіп жүргендері көп. Осыған қарап отырып, қазіргі қазақ әйелдері ер азаматтардан қалыспай еңбек етеміз деп жүріп отбасындағы аналық, әйелдік міндеттерін ұмыт қалдырмаса жарар еді деген ой келеді. Бұған не дейсің?

Мен Сізге бір қызық айтайын. Жақында ғана сұхбат алмақ болып абайтанушы Омар Жәлелұлы ағамызға телефон шалғанмын. Осылай да осылай, қоғамға пайдам тисін деп, руханиятқа жаным ашып журнал шығарып жатырмын, жақсы сөз арқылы айналамды тәрбиелегім келеді деген секілді әңгімені тоқтамай зуылдатып өзімді таныстырып жатқанмын, содан ол кісі «Мұратыңызға жеттіңіз бе?» деп сұрады. Алғашқыда түсінбей тосылыңқырап қалдым... Дереу есімді жиып, иә, деп жауап қайырдым. «Қазаққа жаныңыз ашыса бала табыңыз!» деген еді. Менің де айтпағым осы! Қазіргі әйелдер ақылды, білімді болса екен! Данагөй қазағым «Ақылды әйелдің жатырында алтын айдарлы ұл жатады» демеп пе еді! Ақылды әйел аналық міндетін де, әйелдік міндетін де мүлтіксіз орындайды деп ойлаймын.

Отбасың туралы сұрақтың реті енді келгендей...

Отбасым бар. Алланың берген он балаға татитын тәп-тәтті қызым бар!Есімі – Еңлік. Өлең де жазады, ән де айтады, күй де тартады, би де билейді, сурет те салады. Абайдың 45 сөзін жатқа айтады. Болашағынан үлкен үміт күтемін. Жаратқан, бармақтай бақ, ұзақ ғұмыр берсін, артынан бауырлары ере берсін деген әрдайым дұғадамын!

Ашық-жарқын сұхбатыңа рахмет! Қолға алған ісің өрге баса берсін!



Мара КЕЛЕС,
Астана қаласы
«Қазақстан әйелдері» журналы

Тамыз, 2018 жыл

ЖЫНЫС ТӘЛІМІ ДЕ-ҰЛЫС ТӘЛІМІ



Мен сексологпын...

Бұл сөзді дауыстап айтуға ұялатын, интимді проблемасын қалың көрпелердің астында бүркеп ұстайтын қоғамда сексологпын...

* * *

Жыныстық сауаттылықты жабық тақырыпқа айналдырудан проблема азая ма? Жоқ. Қайта көбейеді. Түйінге айналады.

Төсек мәселесі - қарым-қатынасқа көңіл толмаушылық, психологиялық үйлесімсіздік, ақша табуға, жалпы өмірге деген құштарлықты жойып, ажырасуға немесе ішкі күйзеліске, бақытсыздыққа әкеледі. Сексуалды энергияны тұншықтыру нәтижесінде өзіне сенімсіз әйелдер, дөрекі еркектер пайда болады.

* * *

Бұл біздің елде жыныстық сауаттылық мектебі қалыптаспағандықтан болса керек. Балаларға мұндай «ұят» тақырыптарда сөз қозғау мүлдем болмаған, ал бозбала-бойжеткендер тек жеңгелерінің ұяла айтқан бірер кеңесімен шектелген. Қазір ол да жоқ, балаларды көбінесе интернет тәрбиелейді.

* * *

Оқушыларға бұл тақырыпқа жеткілікті мән беретін сабақтар енгізілмеген, әрі арнайы дайындалған ұстаздар да жоқ.Осыдан жасына жетпей жүкті боп қалу, заңсыз түсік жасату, жұбайлық өмірден ләззат ала алмау, құрсақ көтермеу, босануға ағзаны даярламау сияқты көптеген проблемалар бой көтереді.

* * *

Жігіттерде де солай, оргазм ала алмау, жыныстық қатынас процесін басқара алмау, өз жынысының өкілдеріне қызығу, балаларға көз салу, тіпті белсіздік сияқты мәселелердің түптамыры – жас кезден жыныстық сауаттылықтың болмауында.

* * *

Қазақстанда сексолог мамандығын оқытып шығатын жеке факультеттер, оқу орындары жоқ. Жалпы сексология психологияның үлкен бір тармағы. Мен білімді шетелден алдым.

* * *

Ал арманым – қазақ қоғамындағы жыныстық сауаттылықты арттыру. Мақсатым – әйелдердің өзімен, екінші жартысымен толық гормонияға жетуіне жол көрсету. Иә, айтпақшы, сексолог - төсекті үйретететін маман емес. Өмірден ләззат алуға, гормонияға қол жеткізуге жетелейтін сала!

@alina.shadinova



Жұмсақ жиһазды тазалау

Әдетте жұмсақ жиһазды үнемі шаңсорғышпен тазалап жатады. Дегенмен оны басқа жолмен де тазалауға болады. Ол үшін жиһазды қышқылдандырылған суда (1 литр суға 1 ас қасық сірке суын араластырады) дымқылданған, үлкен таза зығыр немесе мақта матамен жауып тастайды. Бұдан кейін жиһазды сабаумен ұра отырып жиһаздың шаңын қағады. Сонда барлық кір аталмыш дымқыл матаға сіңіп қалады. Мата кірлегенде оны алып, тазалап жуып, жиһазға қайта жабады. Осылай мата таза болғанға дейін қайталап жасайды.



Жұмсақ ойыншықтарды жуу

Жұмсақ ойыншықтарды шағын полиэтиленді қапшыққа салып, қапшықтың ішіне 2-3 ойыншық үшін ½ стақан сода салады. Қапшықтың аузын мықтап жауып, сілкілеу керек. Кейін бойына шаң мен тозаңды сіңірген соданы төгіп, ойыншықтарды далада қағады немесе шөткелеп тарайды. Ойыншықтар мен сол секілді басқа да бұйымдарды кенелерден тазалау үшін қыста 2-3 күнге далаға шығарып қояды. Ал жаз мезгілінде тоңазыткышқа салып қойса, тез кетеді.



Кілемнен қоқымды қалай алады?

Кейде синтетикалық кілемдердің үстіндегі қоқымдарды тазалау оңайға соқпайды. Олардан арылу үшін су мен киім-кешек кондиционері сұйықтығының 1 : 1 мөлшеріндегі қоспасын дайындап алу керек. Қоспаны кілемнің үстіне сеуіп шығады. Кондиционердің құрамындағы антистатик қоспасы статикалық зарядты алып тастайды. Осыдан кейін кілеміңізді шаңсорғышпен тазалай беруіңізге болады, қоқымдар оңай тазаланады.



Теңіз тұзының пайдасы

Үйге тазалық жасар кезде суға теңіз тұзын қосыңыз. Теңіз тұзы болмаған жағдайда ұнтақталып қайнатылған ас тұзын пайдалануыңызға да болады. 9 литр суға жарты уыс тұз жеткілікті. Егер тұздың мөлшері көп болатын болса жиһаздың беттерінде немесе еденде ақшыл дақтар қалып қояды. Тұз булана отырып, ауаны жақсы тазалайды. «Тұзды» тазалаудан кейін бүріккішке (пульверизатор) таза су құйыңыз да, ішіне аз ғана эфир иіс-майын тамызыңыз. Иісін өз қалауыңызға қарай таңдауға болады. Хош иіс суды әрбір бөлменің бұрыштарына немесе жай ғана ауаға бүркіп шашады. Осыдан кейін бөлме іші хош иістенеді. Эфирлі майларды киім үтіктеген кезде де қолдануға болады. Ол үшін эфир майының бірнеше тамшысы тамызылған суды бүріккіш арқылы маталарға сеуіп дымқылдап аласыз. Маталар мен киім-кешектертен жаңа жайлы хош иіс шығып тұрады.





КОПИРАЙТИНГ



Бүгінде жаңа мамандық көп. Әсіресе онлайн салада. Карантин жағдайы онлайн мамандықтардың өзектілігін тіпті күшейтті. Сондай мамандықтардың бірі –

КОПИРАЙТИНГ

Көпшіліктің ойына бірден көшіру сөзі келеді. Парталастан сабақ көшіргенінен бастап, құжат көшірмелейтін бұрыштағы аппараттарға дейін еске түсетінін жасырмайды. Алайда, копирайтингтің көшіру сөзімен мүлдем қатысы жоқ. Ағылшынның copy - мәтін, write - жазу сөзінен шыққан. Бұл XVIII ғасырда Америкада іргесі қаланған сөз арқылы мәселе шешу өнері, маркетингтің бір құралы. Әсіресе жарнамалық мәтіндер, тұтынушыға әсер ететін сөздер жазу осы копирайтер мамандардың міндеті. Тіпті, бір ғана сөзден тұратын түрлі брендтердің атауы, немесе сөз тіркесінен тұратын жарнамалық слогандарды да ойлап табатын осы мамандар. Адам естігенде қандай әсерде қалады, оқығанда қалай қабылдайды, түгел зерттейді. Мәселен, кең танымал Coca Cola, Nestle дегендей бәріміз білетін брендтердің өнімінен атауы қымбат бағаланады екен.

Саланың ішінде көптеген тармақтар бар. Мамандар сайт копирайтері, әлеуметтік желі копирайтері, спичрайтер, сатылым скриптін жазушы, сценарист, т.б. деп бөлінеді. Кейбір копирайтерлер бірнеше тармақты игеруі мүмкін.

Менің салам - Инстаграм копирайтері. Осы желіде жазылатын посттар арқылы оқырманға әсер ету, жеке бренд қалыптастыру, сатылым жасау, аудиториямен байланыс орнату және "суық" оқырманды «жылы» клиентке айналдыру жұмысымыз. Қазір копирайтерлерге сұраныс жоғары. Алғашқы мектептер де қалыптасып жатыр. Жазу өнеріне бейімделіп бұратын болса, бақ сынап көріңіз! Бүгінде жаңа мамандық көп. Әсіресе онлайн салада. Карантин жағдайы онлайн мамандықтардың өзектілігін тіпті күшейтті. Сондай мамандықтардың бірі – копирайтинг.

Көпшіліктің ойына бірден көшіру сөзі келеді. Парталастан сабақ көшіргенінен бастап, құжат көшірмелейтін бұрыштағы аппараттарға дейін еске түсетінін жасырмайды. Алайда, копирайтингтің көшіру сөзімен мүлдем қатысы жоқ. Ағылшынның copy - мәтін, write - жазу сөзінен шыққан. Бұл XVIII ғасырда Америкада іргесі қаланған сөз арқылы мәселе шешу өнері, маркетингтің бір құралы. Әсіресе жарнамалық мәтіндер, тұтынушыға әсер ететін сөздер жазу осы копирайтер мамандардың міндеті. Тіпті, бір ғана сөзден тұратын түрлі брендтердің атауы, немесе сөз тіркесінен тұратын жарнамалық слогандарды да ойлап та-

батын осы мамандар. Адам естігенде қандай әсерде қалады, оқығанда қалай қабылдайды, түгел зерттейді. Мәселен, кең танымал Coca Cola, Nestle дегендей бәріміз білетін брендтердің өнімінен атауы қымбат бағаланады екен.

Саланың ішінде көптеген тармақтар бар. Мамандар сайт копирайтері, әлеуметтік желі копирайтері, спичрайтер, сатылым скриптін жазушы, сценарист, т.б. деп бөлінеді. Кейбір копирайтерлер бірнеше тармақты игеруі мүмкін.

Менің салам - Инстаграм копирайтері. Осы желіде жазылатын посттар арқылы оқырманға әсер ету, жеке бренд қалыптастыру, сатылым жасау, аудиториямен байланыс орнату және "суық» оқырманды «жылы» клиентке айналдыру жұмысымыз. Қазір копирайтерлерге сұраныс жоғары. Алғашқы мектептер де қалыптасып жатыр. Жазу өнеріне бүйрегіңіз бұратын болса, бақ сынап көріңіз!

@shuakh

Құралай РАИСОВА







ӨМІРГЕ ШЕКСІЗ ҒАШЫҚ



Бұрын, отбасылық өмірдің алғашқы жылдары, жолдасымның қатынасы мен күткендей болмай, жиі ұрысатын едік. Қатынасы мен күткендей дегенде, біз, әйел баласы сезімге қатты беріліп, сүйсек құлай кетіп, артынан қайырымын күтетін жандармыз ғой. Сол бір қасиеттің буымен жолдасыммен ұрысқан кезде: «Мен сен үшін бәрін істедім. Қатты жақсы көретінім соншалық, сен студент болып пәтер жалдап тұрғанда әке-шешеме көрсетпей, үйден ұрлап саған картоп, пиязға дейін таситын едім. Ауылдан ақша келмей жатқанда, тек сен қиналып қалмасын деп барымды салып, жетпей жатқанын жеткізуге тырысатын едім» деп бар жақсылығымды тізе бастадым. Сонда жолдасым ашумен: «Сенен кім бірнәрсе сұрады? Жасама! Жасама жақсылық! Мен сенен соның барлығын істеуді сұрадым ба? Сүйме мені олай!» деп айқайлап берген. Ашумен айтса да, маңдайымнан қойып қалғандай болды. Ол жақсылықтың барлығын жігітім менен сұрамай, өзім, өз қалауыммен жасағанымды түсіндім. Жоқ, жігітім де мені жақсы көреді. Алайда, мен сүйем-сүйем деп тым асыра сілтеп, ол жерде мені ешкім күтіп тұрмаса да алысқа шаба беріппін. Сұрамаған жерде көп беріп, адамның мойнына көп қарыз іліппін. Сезімімді менің түбіме жетер дертке айналдыра жаздаппын. Ал негізі Халил Джебран өзінің «Пайғамбар» атты еңбегінде неке туралы «Ерлі-зайыптылар әрдайым қатар тұру керек. Бірақ, аралarында бір-біріне ұмтылатындай арақашықтық болу керек» деп жазады. Ал біз көрген фильмдер көрерменіне сезімнің қолынан бәрі келеді, ол жанкешті, ол құрбандыққа баруға тиіс дейді. Әсіресе, қоғам қалыптастырған сен иіліп-бүгіліп, отбасы үшін жанын берер отанасы болуың міндет деген қате түсінік бар бізде. Қасиетті сезімді өзіміздің қасіретімізге айналдырып, жанымыздағы серігімізге анасындай қамқор болып, өзі шешу керек нәрселердің барлығын өз мойнымызға артып, әлемнің бар жылуын әкеп, алдына тосып, ер жігітті нағыз мүгедекке айналдыра бастадық.

Оның жағдайын жасап өтеміз деп, оны да, өзімізді де әбден шаршаттық. Ал дұрысында ерімізге жабысып алып, оның өмірін сүрмей, екі бөлек әлемде тұрып, бір-бірін сағынып, қуана-қуана қауышатындай кеңістік беру керек. Жаныңыздағы адамды шын жақсы көрсеңіз, оған құлай түспеңіз. Өзіңіздегі уақыт, көңіл секілді ең қымбат ресурстарды түгел бермеңіз. Жұтылмаңыз. Өмірде қандай жағдайлар болмайды. Ертең сол бергеніңіз бағаланбай жатса, сіз өзіңіздегі бар асылды сол адамға бергеніңізге өкініп, ол адамды жек көретін күйге жетесіз. Жаныңыздағы адаммен қатынасыңызды шын бағаласаңыз, ішіңіздегі оған қатысты ренішіңізді ұрысып қаламыз-ау деп жасырмаңыз. Әйтпесе, қатынасты сақтаймын деп жүріп алыстап кеткендеріңізді байқамай қаласыз. Көңіліңізге алған ойларыңызды сабырмен, ақылмен екеуара талқылар алып, әрі қарай еш сезіксіз жүріп кетуді үйреніңіз. Жаныңыздағы адамды өзіңізге шын лайық көрсеңіз, бір-біріңізден қалып қойып, жете алмай қалмас үшін оның да, өзіңіздің де біліп алып, рухани өсуіне, өз әлемін құруына, достары мен қызығушылығынан тұратын кеңістігінде өмір сүруге рұқсат беріңіз. Ең бастысы, жаныңыздағы адамды шын жақсы көрсеңіз, оның сізге тиесілі еместігін түсініңіз. Бұл өмірде ешкім ешкімнің меншігі емес. Кейде ол адамның сіздің жаныңыздағы міндеті бітуі мүмкін. Жіберіңіз. Алайда, ер мен әйелдің арасында қашанда сақталуы керек бірнәрсе бар. Ол - сыйластық. Сыйластық та сезім. Оның алабұртып басылған сезімдерді қайта ояту қасиеті бар.

Динара БОЛАТ





ТӘРБИЕНІҢ 10 НЕГІЗІ

Өз балаңа қатал тәрбиеші болмау үшін не істеу қажет? Балаға жауапкершілікті қалай сіңіреді? Оларға жақсы көретініңді қалай білдірген абзал? Психолог Юлия Гиппенрайтерден ата-аналарға

10 КЕҢЕС



1. Өмірлік траекторияны құбылтуға қорықпау

Көп адам менен – бала үшін ертеден кешке дейін жұмыста болатын ана, әлде күндіз-түні үй тірлігіне жегіліп, үнемі шаршап жүретін ана жақсы ма деп сұрайды. Кейбіреулер не өзіңді жетілдір, не баланы таңда деп те шарт қояды.

Шын мәнінде баламен үйде отырып ішіңіз пысатын болса – жағдайды өзгерту керек болғаны. Егер толық жұмыс күніне жұмысқа шығып, балам қайтті деп алаңдасаңыз, балам анам тастап кетті деп маған ренжіді-ау деп қапалансаңыз – тағы да айтам, жағдайды өзгертіңіз. Мәселе, жұмыстан бас тартуда емес. Бұл жердегі таңдау – шығармашылық пен ойлылықты талап етеді. Сізге қандай жұмыс керек? Жұмысқа жегілу уақыты қаншаға созылсын? Жан дүниенің сұранысына алаңдау керек. Соған сай жұмыс іздеген абзал. Ананың көңіл күйі – ең басты жол көрсеткіш.

Егер жаны мен ақылы өзара келісімге келсе, адам бақытты өмір сүреді. Өз бойыңыздағы ешбір сезімді басып тастамаңыз. Бала деп, күйеу деп, жұмыс деп ештеңеден бас тартуға болмайды. Ана сезімтал болуы тиіс. Әсіресе, өзіне. Не асүй, не қоғамда жарқырап жүруге тиіспін деген таңдау болуы шарт емес. Соны түсініңіз. Ондай таңдаулардан арылыңыз. Мұндай арылу – өмірді шын сезімдермен сүруге көмектеседі. Ерік-жігеріңізді жанып, өзгеруіңізге себепші болады. Нар тәуекелге

барудан қорықпаңыз. Өмірлік траекторияларды құбылтудан шаршамаңыз.

2. Ғажайыпты күтпеу

Бірде бір ана менен: «Егер әкесі жұмыстан баласы ұйықтардан 15 минут бұрын келсе, олардың қарым-қатынасын қалай жақсартуға болады?» деп сұрады. Олар қарым-қатынас орната алады. Бірақ 15 минутта балаға ешкім әке болып үлгермейді.

Баланың санасында анасы, әжесі, әпкелері, апайлары, күтушілері қалады. Солардан сіңген мінез, образдар, ойлау әдеті, өмірді тану бейімділігі қалыптасады - бірақ әкесінің емес. Балаға көп дүние айтылған сөзбен қона бермейді. Бала бақылап барып сіңіретін дүние баршылық. Әсіресе, ет жақындарының қарым-қатынасын бақылап отырып көп құбылысты жанына сіңіреді. Кейін есейген соң сол қарым-қатынастарды өз өмірінде тіріледі. Сондықтан, өкінішке орай, егер ұл бала әкенің толыққанды тәрбиесін көрмесе, әкесі балама деп уақыт таппаса – бала өскенде әке болудың не екенін білмей қалады. Бұл жағдайдан ғажайып күту бекер.

3. Баламен ойнау үшін өзіңізді қыстамаңыз

Мектепке дейінгі баланың бар қызығы – ойын. Қанша уақыт ойнағаныңыз маңызды емес. Маңыздысы бірге ойнаған ойынның сапасы. Өзіңізді күштеп ойнамаңыз. Бала бәрін сезеді, естиді, сіздің ішіңіз пысса, оған да қызық емес боп қалады. Екеуіңізге де қызық болатын ойынды табыңыз.

Бірге ойнайтын ойындардан бөлек, бала өзі жеке қалып ойнап үйренуі тиіс. «Өзім істедім», «өзім ойлап таптым» дегені ары қарай «мен ойланып отырмын» дегенге ұласады. Бала үшін ойлана алмайсыз ғой. Сондықтан үнемі «біз бірге» бола бермесін, «мен өзім» деген де болсын. Баланы еркіндікке шығару керек. Әрдайым анасына сенім арта бермесін. «Мен не істеймін?», «Не ойнасам екен?» деп қиналмасын. Өзіңізді абайлап ойыннан шығарып тастауды үйреніңіз. Бала ары қарай жалғыз қалып ойнай берсін.

Ата-аналарға баланың іс-әрекетіне қатысты «біз» деп сөйлеуіне болмайды. «Біз бала бақшаға барамыз», «біз екінші сыныпқа көштік», «біз мектепке баратын болдық» деу ағаттық. Мұның арты «біз универге түстік» болса, таң қалмаңыз. Бала қай жерде «анам екеуміз», қай жерде «мен» барын түсінсін.

4. Баланы тәрбиелемеңіз

Ата-анасы нені маңызды деп тапса, сол тұрғыда баланы тәрбиелейді. Бала қалай сөйлеуі тиіс, өзін қалай ұстауы тиіс, оның өмірін қалай ұйымдастырған жөн деп кете береді. Әрине, балаға қауіпсіз өмірді қамтамасыз ету ата-ананың парызы. Кей жерде баланың қауіпсіздігі үшін шектеп ұстау керек болады. Жолдан дұрыс өтіп үйренуін, алтыншы қабаттың терезесінен құлап түспеуін қадағалау керек-ақ.

Уақтылы тамақ ішіп, ұйқыға жатуын қадағалау маңызды. Түбекке үйретіп, оны да сіңіреміз. Ал жан тыныштығы үшін балаға мұның бәрі аз. Баланы түсініп үйрену – оның нені қалайтынын түсіну, қай жерде қиналғанын, қай жерде не ұнамайтынын, нені армандайтынын, ол үшін не маңызды екенін білу қажет. Балалар өз тілегін аяқ астынан айта береді: «ұйықтағым келмейді», «балмұздақ жеймін», «жұмысқа кетпеші» деген сияқты. Осы қалауы мен қаламайтындарының бәрі ата-анасының «осылай істе» деген талабының астарын көрсетеді. Біз оны тәрбие деп атаймыз. Біз үшін бала уақтылы тамағын ішіп, ұйықтауы тиіс. Бізге жұмысқа кету керек. Оған не керек? Бәлкім, менің сөзім тік айтылған болуы мүмкін: баламен рухани байланыс орнатқыңыз келсе – тәрбиелей беруді доғарыңыз.

5. Үнемі сіздікі дұрыс бола бермесін

Көбіне ата-аналардың тәрбиесі іс жүзінде – үйретуге саяды. Біз айтамыз: былай істе деп. Егер бала олай істемесе, түзетеміз. Яғни, оны басқарамыз. Ең дұрыс деген жағдайда табандылық танытасыз: «Оқы, оқы және оқы – бұл өзіңе керек». Теріс жағдайда – қорқытамыз: «Күні бойы компьютерге тесіліп отырсаң – алқаштар сияқты тәуелді боп қаласың...». «Жаман оқысаң – мектептен қуып шығады, аула сыпырып жүресің». Біздің берген тәрбиеміз балаға бізге қажетті пішін береді. Ал сын,

қорқыту, жазалау сол пішінді қатырады: «Олай істеме!», «Былай істе!».

Бала қателесіп қалса, дереу түзетуге асығамыз: «Есепті қалай есептейтінін білесің ғой, оны өтіп едік қой». Ал сіз алыңыз да әдейілеп қателесіңіз. Бірінші сыныптың баласына: 2+5=6 деңіз. Бала ата-анасының қателескенін көріп қалай қуанатынын көресіз. Баланың үнемі басқарылатынына, қысым көретініне еті үйреніп кетеді.

Ондай бала өзін – жоққа балайды. Балаға ақыл айтпаңыз – онымен бірге ойнаңыз. Бала туа салысымен оның бойында өте көп дені сау энергия қайнап жатады.

Бала көп жағдайда өз бетінше дамиды. Бір жастағы бала – тұлға. Оның танымын сыйлау керек. Оған өз қалауын анықтауға мүмкіндік беріп отыру қажет.

6. Тоқтатпаңыз – қалаған жағына жүрсін

Бала бақшадан қалып бара жатсақ, балаға асығыс колготкиін кигізгіміз келеді. Ол былқ етпейді. Басқа бірдеңе ойлап отырады. Себебі, ол қазір не болатынын біледі. Киіндіреді, бала бақшаға тапсырып кетеді. Ата-анасы қайда кететінін де біледі. Оны пішінге салу басталады. Бала не қалайды? Өзі не істегісі келеді? Кішкентай боп тұрғанда сұрап қалыңыз, ол сізге бәрін айтады. Кейін кеш болады. Жасөспірім кезде бала сізден бүкіл қызығушылығын тығады. Ол өзінің тәрбие нысаны екендігіне бой үйретіп қойған. Ол өз өмірінің негізін қалаушы субъект еместігін сезеді.

Баланың құлшынысын, қызығушылығын көздің қарашығындай сақтау, дамыту ата-анаға парыз. Өзін іздеп табу мүмкіндігінің болуы – бақытты адамның құпиясы. Бала үнемі бірдеңе қалайды.

Оның қызығушылығын тудырған нәрсені ұсынып отырса, ол бақыттың жолына түседі. Балаға өзін табуға мүмкіндік беріңіз. Қорықпаңыз. «Ойбай, мынау өзін қайдан іздеп кетті?» демеңіз. Барсын.

Екі жасар бала әлі «с» деген дыбысты айта алмас, бірақ ол «өзім білем» дегенді айта алады.

7. Қатыгез әлемді айтып қорқытпау

Анда-санда менен: «Осы сіз үнемі гуманизмді насихаттайсыз, баланы құрметтеу керек дейсіз. Ал біздің қоғамда зорлық-зомбылық, қатігездік, аярлық басым. Егер үйдегі бала ақ мамықтай болып өссе, ертең мектепте таяқ жемей ме? Мектепте ылғи басып-жаншып, бұйрық беретін жүйе екенін ұмытпадыңыз ба?» деп сұрайды.

Мұндай сұрақтарға берер жауабым бар. Баланың жаны сау болған сайын ол үйден түзге үлкен дайындықпен шыққанмен пара пар. Баланы неғұрлым көбірек түсініп, құрметтесе, ол өзінің қызығушылығын дұрыс жүзеге асырса, оның өзін табуы неғұрлым жақсы көрініс тапса, соғұрлым оның қатігездікке қарсылығы тез дамиды. Және керісінше: егер баланы қаталдықпен тәрбиелесеңіз, ол әлемге қадам басқанда соғұрлым әлсіз, осал бола береді.

8. Сезім туралы айтуды ұмытпаңыз

Зерттеу нәтижесі көрсеткендей, көңіл күй зиятының дамуы баланың келешекте қиын жағдайларға төтеп беруіне себепші екен. Баланың бойынан көңіл күй зиятын дамыту үшін тіл табысу кезінде көңіл күй сөздігін қолдану қажет.

Қандай көңіл күйде тұрғаныңызды сипаттап отырыңыз. Баланың көңіл күйін айтыңыз. Әр түрлі қобалжу, сезім, толқудың бәрін өз атымен атаңыз. Баланың көңіл күйін тыңдау керек. Дауыстап айту қажет. «Осыны қалап тұрсың ба?», «ренжіп қапсың ғой», «жыладың ғой», «сен балмұздақты қатты жегің келді, мен тыйым салдым, сен сол үшін ренжідің» дегендей.

Балаға өзі туралы, оның көңіл күйі, қобалжуы, неге қобалжығанын айтып беріңіз. Баланың ызақорлығын, ашуын, манипуляциясын оның сезімдерімен байланыстырып айтып отырыңыз. Бірақ оны өзіңіз ашуланып айтпаңыз.

Түсіністік таныта отырып айту керек. «Неге мені тыңдамайсың, а? Екеуміз келістік қой...» деп сұрамаңыз. Бала мұның жауабын білмес. Ал сіз әңгіме ауанын логикалық деңгейге көтеріп, оның көңіл күйін құлыптап тастайсыз.

Оған деген ыстық ықыласыңызды жеткізуді ұмытпаңыз: «Киінуден бас тартқан сайын мені ренжітесің», «Саған бүгін балмұздақ әпере алмайтыным жа-

ман болды, ренжіме»... Аздап қалжың араластырсаңыз, өте жақсы болар еді.

9. Ескерту жасай бермеу

«Сен уәде беріп едің ғой!» Бұны ескерту дейді. Өте зиян нәрсе. Балаға бірден тыйым салудан гөрі ақырындап ереже енгізген дұрыс. Ережені саудаламайды. Талқыламайды.

Бала: «Ұйықтағым келмейді» дейді. Оның көңіл күйін түсініңіз. «Ұйықтағың келмей тұр ма? Біздің ерте ұйықтайтын ережемізге наразы болып тұрсың ба? Кейбір ережелер қиын-ақ. Бірақ ереженің аты ереже. Оны бәріміз орындауымыз керек». Осылай әңгімелесу өмірді жеңілдетеді.

«Ойыншықты тек туған күнде сыйлайтынымды білесің ғой». Бұл да ескерту. Балаға бірдеңе керек болды ма, келіссөз жүргізбеңіз. Оның сөзін терістемеңіз. Тек шектеу қойыңыз. Миын ашытып, тыйым сөз айтпаңыз. «Ойыншықты қалап тұрғаныңды түсінем. Саған өте керек. Қазір менің мүмкіндігім болмай тұр. Бірақ саған керек екені есімде болсын».

Ережеден бөлек, баланың құқы барын ұмытпаңыз. Бала шын керек қылған затына қол жеткізбесе, ол ереженің бәрін бұзады. Дауласады. Өтірік айтады. Тығылып әрекет жасайды. Егер ата-анасы баланың құлшынысы мен құқын құрметтесе, бала ата-ананың ережесін құрметтейді.

10. Шынайы өмірді гаджетпен толтыра бермеңіз

Қазіргі технологияның бір ерекшелігі олар дереу кері байланыс орнатуға арналған. Яғни, гаджетпен өскен бала өзінің қалауы дереу орындалмаса, түсінбейді. Тағы бір ерекшелік: гаджетпен байланыс тән тұрғысында шектеулі.

Гаджет ұстаған бала саусақпен бірқатар манипуляция жасайды. Қаншама ақпарат алады. Бірақ соның бәрі заттардың физикалық әрекеттесу табиғатын аш-пайды. Жаңа технологияның тағы бір ерекшелігі: компьютерлік ойындардағы көңіл күй мен әлеуметтік желідегі қарым-қатынас шектеулі, белгілі бір шекке, пішінге тұсалған.

Ата-ана шынайы өмірдің байлығын, ғажабын, оның ауқымын түсіндіруі тиіс. Гаджетте осының қай тұсы шектелгенін ажыратсын. Балаға гаджет бермеген кезде оның бос уақытын белсенді өткізуге тырысыңыз. Сонда бала гаджет бере алмайтын бос кеңістікті қарым-қаныаспен толтырып үлгереді.

Заттармен тікелей байланыс, қимыл-қозғалысты талап ететін әрекеттер, ата-анасымен сөйлесу – осының бәріне ерекше көңіл бөлу керек. Әлеуметтік желіде маңдайдан иіскеу, басынан сипау, ананың айналайыны жоқ. Баланың көңіл күйін бөлісу маңызды. Шынайы өмірдің қадірін сезіндіру маңызды. Сонда мектепке барған бала гаджеттен гөрі балалармен ойнағанды таңдайды. Гаджетпен ойнау уақыты неге шектеулі екенін түсінеді. Саналы бала өзі-ақ телефонда жарты сағаттан артық отырғысы келмейтін болады.


Юлия ГИППЕНРАЙТЕР
Аударған **Шынар ӘБІЛДА** – журналист, аудармашы. Психология, мотивация, өзін-өзі тану тақырыптарын зерттеуші.

@shinarabelda



НАЛА

(болған оқиға ізімен)



1-БӨЛІМ

Рысбек түн ортасы ауа есін жиды. Басы солқылдай әкетіп барады екен. Қолын көтермек болып еді, икемге келер емес.

«Ыыыымм, не болды өзі?» есі кіресілі-шығасылы тағы талықсып кетті. Ұйықтап кеткен екен, түс көрді.

Түсіне күлімсіреген Алуа енді. Баяғы қалпында, жымиып қойып, бұны шақырғандай қол бұлғайды. Қолын соза бергенде оянып кетті. Терезеден түскен күн шуағына көзін аша алмай, өң мен түс екенін ажырата алмай, тағы біраз жатты. Ес жия беріп өзінің еденде жатқанын ұқты.

Миы шағылғандай болған соң,ілбіп орнынан қозғала бере, қасында шашылып жатқан дәрілерге шатқаяқтай құлады. -О, соқыр Құдай! Мынау немене тағы?-деп қарғап-сілей орнынан тұрды. Асханадан мұздатқышта тұрған су ішіп, кеуерсіген тамағын жібітті. Миы шағылып кетердей болғасын, кранның суын ағытып жіберіп, иығына дейін суға басын тығып жіберді. Сәл де болса өз-өзіне келгендей болды.

«Не болды өзі?» басын ұстаған күйі орындыққа отыра қалып, кешегі күнді есіне түсіріп әлек.

Еее, кеше өлмек болған екен ғой. «О, тоба?! Сонда мен не өлмегенмін ба?» Жан-жағына таңырқай қарады. Бетін ұрып көрді, шапалағы батады. Терезеден қарап еді, көшедегі жүйткіген машина мен адамдардың жүгіре басқанын көрді. Жоқ, өлмепті.

Кеше жұмысына бармастан арнайы супермаркетке барып, бір бөтелке арақ пен қасындағы дәріханадан димедрол* дәрісін сатып алды.

Үйіне асыға кірген ол арақты стақанға толтыра құйып, бір уыс дәріні аузына салғанын біледі. Ащы суды жұқ көрмегендей, тағы толтыра құйып, артынан қылқылдата жұтқанын біледі. Орнынан ырғала қозғалып, төргі бөлмедегі айнаға барып өзіне жиіркене қарағанын біледі. Одан кейінгісі есінде жоқ.

2-БӨЛІМ

Мырзакүл мен Сәрсенбай отау құрғалы ищай десіп көрген емес. Ауданға

сыйлы, атақ-абыройы бар оларға бір ғана нәрсе жетіспейді, ол-бала. Бір шаңырақ астында тұрғанына он жылға жуық болса да, АЛЛАМ баладан зар етіп қойды. Күндіз күліп жүргенмен, Мырзакүлдің таңға жақын көзі ілінеді. Онысын Сәрсенбайға білдіртпей бағады. Жолдасының да жетісіп жүргені шамалы,күйігі-ішінде.

Бармаған жері, көрінбеген дәрігері қалмады, нәтиже жоқ.

Бір күні кешке Мырзакүл Сәрсенбайға өз ішіндегісін айтты.

-Сәрсен, бұлай жүргеніміз жарамас. Азамат басыңды қор етпейін, шаңырақ құрып балалы бол.

Бұндай әңгімені күтпесе керек, Сәрсенбайдың көзі шарасынан шыға жарына қарап қалған.

-Мырзаш, не айтып тұрсың? Ау, бұл не дегенің? -Сөзіме құлақ ас. Дұрысы-осы. Мен өлмеспін. Төркініме оралайын. Мені сыртқа теппес. Сенің бағыңды байламайын.

-Қой, қайдағыны айтып тантыма!

-Сәрсен, менің шыным-сол!

-Тәйт! Естігім келмейді сөзіңді! Осы жерденбітті!Аллам бермесе,тағдырымызға жазылған. Не көрсем сенімен көремін. Ешқайда бармайсың! Жібермеймін!

Сәрсен Мырзакүлді құшақтай алды. Қос мұңлық бір-бірін құшақтап егіліп жылап тұрды... Түн терезесінен айдың сығалаған сәулесі бұларға ұрлана көз тастап,алыстан ұзақ қарады...

Сол түннен кейін бір ай болды,Мырзакүлдің мазасы жоқ. Таңертең ерте тұрады, жүрегі айниды, асқа зауқы соқпайды. Көңілшек болып барады. Келіншегінің өзгеріп жүргенін Сәрсенбай да байқады. -Түнімен тамақ жейсің, әрине, асқазаныңа ауыр. Ертең дәрігерге көрінші, гастрит шығарсың...

Оны жартылай тыңдаған Мырзакүл тоңазытқыштан түсте сатып алған тұздалған қиярды ала бергені сол еді,

-Тоқта, жатарға қиярың не, шырағым-ау?

-Білмеймін, қатты жегім кеп барады, сілекейім шұбырып,-деп, сөзін де аяқтамастан бүтіндей қиярды кіршілдете соқты.

-Сенің мынауың жарамайды. Ертең дәрігерге барамыз.

Сәрсенбай ертесіне Мырзакүлді емханаға әкелді.

Емханаға имене кірген оны жолдасы машинасында күтетін болды. Бірер сағаттан соң шыққан жарының түрін көрген Сәрсенбай:

-Не болды?

Көзі қып-қызыл болған Мырзаш біразға дейін айта алмай жылай берді.

-Ау, не дейді? Жаным-ау, қорқытпашы.

-Сәр-сееен, білесің бе?

-Нені?

-Сен бар ғой сен...

-...

-Сен жақында әке боласың!

-Тү-сііін-бе-дім?

-Сен-әке, мен-ана боламын!

-Қоооойшы, рас па? -Ып-рас. Дәрігер мынадай дәптер ашып берді.

Қолындағы баланың фотосы бар кәртішке дәптерін ұстата берді.

Сәрсенбай состиып отыр. Қолындағы дәптердің суреттерін салалы саусақтарымен сипап қойды.

Мырзакүл жолдасына қарап еді, жолдасының жүзін жас жуып кетіпті. -Құдай бар екен!

3-БӨЛІМ

Мырзакүл айы-күні жетіп ұл тапты.

Сәрсенбай есімін «ырысты, берекелі болсын» деген ниетпен ұлын Рысбек деп қойды.

Рысбек не киемін, не ішемін демеді, ата-анасы барынша тәрбиелесе де, еркелігі басымдау-тын. Мектепті жақсы бітірсе де, қаладағы менмін деген оқуға әкесі жетектеп әкеліп түсірген. Студенттік кездер жігіт Рысбекке рақат күндер сыйлағаны сөзсіз еді.

Сәрсенбайдың тәртібіне мойынсұнғанмен,шалғайдағы әкесінің жетіп кеп әңгіртаяқ ойнатпайтынын білетін студент Рысбекке бұл жақта ешкім бетіне келе қоймады.

Сабағына түзу барып келеді, кешке жігіттермен қала көшелерін кезеді. Әне-міне дегенше, оқудың биыл соңғы жылы. Содан ба, әлде көше кезіп, кештен кеш қалдырмай қуалағаны тым зеріктіріп жіберді ме, думанды ойын-сауықтарын сап тыйған. Кейінгі уақытта қыздар жататын жатақхананы торуылдауды шығарды. Оның жайын қасындағы достары да біледі. Екінші курстың студенті Алуаның қыр соңынан қалар емес. Алуаның бұған қайрылмай қойғаны жігіттік намысына тиді ме, бәрін қойып, қыздың жүретін жолына дейін жаттап алғаны сонша, күнде алдынан күтіп алуды әдетке айналдырған. Кешке жатақхананың алдында тұрғаны қылқиып.

-Ау, Алуа, Рысбек соңыңнан қалар емес. Барлық қыз осы серіге қолы жетпей

жүрсе, саған жол болсын?!-деп, бөлмеде бірге жататын Мақпалдың сөзіне қыз бір жымиып қойып, сабағын оқып отыра беретін. -Рысбек жалпы, саған ұнай ма?

-...

-Осы сен жымиып-ақ өлтіресің адамды, айтшы, ұнатамысың?

-Білмеймін,-деп иығын қиқаң еткізген Алуаны Мақпал құшақтап алып:

-Ай, қу қыз-ай, сен де кет әрі емессің оған.

Есігі қағылды.

-Иә, кім бұл?

-Алуа, сыртта саған келіп тұр.

-Кім?

-Кім, кім?! Төлегенің де.

Жатақхана қыздары Рысбекті танып алған.

-Шыққым кеп тұрған жоқ.

-Шығып таза ауа жұтып кел.

Алуаның шыққанына Рысбек сәл таңырқаса да, қатты қуанып кетті.

Алуа-талдырмаш келген, аса бойшаң да емес, шашын үнемі өріп жүретін, көп сөйлемейтін, әр кез күлімдеп тұратын, бидай өңді, ah дегізетін сұлу болмаса да, жігітті өзіне тартып тұратын сүйкімділігі бар, биязы қыз. Сондықтан болар, 3-4-курстың тісқаққан пысықай жігіттері Алуа артынан біраз жүгірген болды. Оған пішту деген Алуа жоқ, өзімен-өзі сабағына барып-келуді ғана білетін.

Рысбекті ә дегенннен-ақ ұнатқан. Университеттің сыбай-сылтаң серісін бұны ұнатып қалады деп үш ұйықтаса да түсіне кірмепті. Кездесуге шақырғанына қашқақтап жүргені де сол, қуыршағына айналамын ба деген ой және өзінің небәрі екінші курс оқитыны.

Мақпалдың итеріп шығарып жібергеніне жүрегі атша тулай имене басып сыртқа шықты.

Не керек, Рысбек екеуі қыз бен жігіт болып жүре бастады.

Бір күні Рысбек Алуаны би кешіне шақырды. Ақаңнан сілтеңкіреп жіберген Рысбек сол түні қыз абыройынан мойынына жүктеп тынды. «Үйленемін, үйтемін де бүйтемін» деген жігіт қыздың арын аймандай етті. Қыз жылады, кеш, болар іс болды... Ертеңіне істеген қылығына ұялған болу керек, Рысбек жатақханаға келмеді. Қыз да сабаққа бармады. Бірнеше күн өтті. Қыздың жүзі солғын тарта бастағандай. Ботаның көзіндей мөп-мөлдір тұнық көздерін мұң басқандай.

Кешке кездесуге келген Рысбекке жүзін төмен салған күйі:

-Рысбек, менің аяғым ауыр.

-А?

-Мен жүктімін

-Ммм. Мен әзір үйленуге дайын емеспін. Мен дипломымды алғалы тұрмын.

-Қалай сонда?

-Ммм, ойланып көрейін. Бұлай болады деп ойламаппын. Мүмкін, құтылу керек шығар одан. -Не-ме-не?-жалт қарағаң Алуаның көзі Рысбекті тесіп жіберердей еді.

-Ата-анамды хабардар етейін,-деп, тайсақтай жауап берген жігіт сол кеткеннен мол кетті. Қайтып оралмады. Нәзік Алуаға да бәрібір секілді болатын. Сол кездесуден кейін Алуа нық шешімге келген.

Рысбек әлгіндей жаңалыққа шын сасқандай. Басы қатты. Не істесе болады? Үйлену жоспарында жоқ. Дипломды алып, аулына барып жұмысқа тұру. Бұл хабарды әке-шешесі білсе ше? Жо-жоқ, айта көрме! Әкесі үйден қуып, анамның талмасы ұстап жүрер. Бұның отбасына тіпті жат қылық. Ауданға абыройы аспандап тұрған ата-анасын бір күнде менің жоққа шығарғаным болмас. Сонда Алуа не болмақ? Ойлап қараса, пәлендей сүймейтін де тәрізді. Егер сүймесем, аяғы ауыр болып қапты деп алуым керек пе? Қой, бойжеткен бірдеңесін ойлап табар. Ақымақ емес. Өлімнен ұят күшті. Әке-шешемді ұятқа қалдырғым келмейді. Ойды-ой қуып, қалай қалғып кеткенін білмей қалды.

Көзді ашып-жұмғанша диплом алатын да уақыт болды. Қолына құжаты тиген соң, Рысбек алды-артына қарамай аулына тартты.

Ата-анасының қуанышында шек жоқ. Келген күні-ақ ақсарбас жасап қой сойып, ауыл-аймақты шақырып, көл-көсір той болды. Дипломды жігітті әкесі таныстарын жағалап жүріп жұмысқа тұрғызды.

Араға екі-үш жыл салып қызметі де өсе бастады. Мерейі үстем бола бастаған соң ба, көкірекке нан пісетіндей дәрежеге жеткен. Е, олай болмағанда?! Ауданда беделді қаржыгер. Ішкені-алдында, ішпегені-артында. Баяғы Алуа естен шыққалы қай заман, тіпті ондай оқиға мүлде басынан өтпегендей...

Анасы бір күні шай үстінде баласының сыбай-сылтаң жүргенін құптамайтынын айтты.

-Сөз байласып жүрген қызың бар ма?

-Не қылды?

-Балам, шүкір, жұмысың бар, үй-жайың бар, ешкімнен кем қылмадық. Біз барда тойыңды қылып, қызығыңды көріп кетсек, әкең екеумізде не арман?!

-Ой, мама, асықтырмашы...

-Мен де, әкең де келіннің қолынан шай ішкіміз келеді...

-Түүүу, мама...

-Балам, үйленер уақытың болды.

-Ммммм. Жарайды, мен жұмысымнан қалдым. Кешке дейін,- деп, Рысбек жүре сөйледі.

Анасының сөзін жолда қайта есіне алды. Негізі, ұнатып сөйлесіп жүрген қызы бар. Оған үйленуге сөз салмай жүрген себебі,Үрзияның оқу бітіргенін күтіп жүр. Үрзия десе дегендей, үріп ауызға салардай дөңгелек жүзді, сыпайы, көзі тостағандай. Рысбек әзілдессе, басын оң жағына қисайта жымиғанда, бетіндегі шұңқыры айқындалып өте ажарланып кетеді. Рысбек сәл ренжітсе, ұртын томпайта, тостағандай көзін төңкере қарағаны да жарасымды.

Рысбек анасының өтінішін жерге тастамады. Өзінің көптен ұнатып жүрген Үрзиясын шаңырақка келін етіп түсірді. Сүйгенінің шымылдықтың ар жағында үлбіреп отырғанын көргенде, жігіттің бақыттан басы айналды. Ата-анасы дүбірлетіп той жасады. Той соңында вальс билеген қос ғашық шын бақытты еді. Ақ көйлек киген қалыңдығын құшып тұрып құлағына «Мен сені сүйемін. Мен ең бақытты жанмын» деп сыбырлай сөйледі. Үрзия да жолдасына еркелей басын сүйеді.

Үрзияны жұмысқа тұрғызған ата-енесі екі баласының жағдайын жасаумен жүр. Келіншек те тәрбиелі отбасынан шыққандығы көрініп тұр, таң атпай ерте тұрып, ата-енесіне ас-суын дайындайды. Үйді тап-таза етіп ұстайды. Жұмысына да, үй тірлігіне де үлгеріп жүр. Рысбектің әкешешесі келінінің жақсы екендігіне көздері жетіп, АЛЛАҒА шүкіршілігін айтып қояды.

Үрзияның аяғы ауырлағанын естігеннен-ақ енесі оның асты-үстіне түсіп бәйек. -Қызым, не жейсің?

-Ештеңеге зауқым жоқ.

-Қой, саған аш болуға болмайды. Не жегің келеді, ұялмай маған айта бер. Жердің түбінде болса да тауып беремін.

Үрзия сыпайы ғана басын шайқайды.

-Мына жемістерді саған әкелдім. -Мама, несіне әуре болдыңыз.

-Жаным-ау, әуресі несі? Ешқандай қысылма.

-Рақмет.

Келін мен енесінің ортақ тіл табысқанына Рысбек те дән риза еді. Үрзия барған сайын жағдайы нашарлай берді. Дәрігерлер де диагнозын қоя алмай әуре болды. Айы-күні жеткенше аурухана есігін тоздырумен болды. Толғағы басталғаннан Рысбек келіншегін әйелдер босанатын үйге лезде жеткізді. Дәрігерлер Үрзия қаралып жүргеннен-ақ кесерово жасалатынын ескертіп қойған. Шұғыл қозғалған ақ халаттылар келіншекте ота жасайтын бөлмеге әкетті.

Рысбек күтуден басқа амалы жоқ екенін біліп, сыртта қалды. Бір уақытта ата-анасы да жетті.

-Папа, мама, үйде отыра бермедіңдер ме? Өзім хабарын беретін ем ғой.

-Ой, балам, шыдай алмадық. Жүрек құрғыр дүрсілдеп, бір орында тағат таппадық. -Мына жерде асхана бар, шай ішіп алыңыздар.

-Ой, Құдай, шайыңды қоя тұр, қызымның халі қалай болып жатыр екен? Оны білмей жаным жай таппас. -Жарайды онда. Мен жұмыс жаққа барып келейін.

-Осында боламыз. Бара бер. Хабарын айтамыз.

Рысбектің де жүрегі орнында емес-тін.

Жұмысына барғанмен тағат тауып отыра алмады. Байыз таппай аудан шетіндегі өзен жағасына кетіп қалды.

Өзеннің арнасынан аса толқындардың шапши тасып, бетіне су бүріккендей болды. Есіңді жи дегендей... Асау өзен де Рысбекті тыншыта алмады. Жігіт әйелдер босанатын үйге қайтып барды.

Ата-анасы бір-біріне бүріскен күйі дәлізде отыр.

-Не болды? Не хабар? -Әзір ештеңе айтпады.

-Ау, кіргендеріне екі сағат болды ғой. -Балам, адамнан адам шығу оңай ма? Сәл сабыр сақтайық,-деп анасы баласын сабырға шақырды. Әкесі бұйығы күйі отыр. Қабағы түсіңкі. Іштей уайымдап отырғаны көрініп-ақ тұр. Бес сағаттан астам уақытты итеріп салған бұларды сұмдық хабар күтіп тұр еді.

Бастары салыңқы шыққан дәрігерлер анасы мен баласын да құтқара алмағандарын, баланың шетінеп кеткенін, Үрзияның көп қан жоғалтқаннан ота бөлмесіндегі керует үстінде көз жұмғанын айтып көңіл айтты. Күткен үшеудің төбелеріне жай түскендей еді... Сәби де, келіншек те жоқ... О, Құдаааай, бізге көрсетерің осы ма еді?! Анасының ащы даусы тұрғандардың тұла бойын тітірентті.

Айнұр БҰЛАҚБАЙ
@ainur_bulaqbai

(Әңгіменің жалғасы журналдың сайтында: sarasoz.kz)

АЯНАТТЫҢ АСХАНАСЫ







ЖҰМСАҚ, ЖҰҚА ҚҰЙМАҚ

Құрамы:
-500 мл сүт;
-4 жұмыртқа;
-3 ас қасық шекер;
-3 ас қасық сұйық май;
-280 гр ұн;
-500 мл қайнаған ыстық су (кипяток);
* * *

Жасалуы:
Жұмыртқа, шекер, сұйық майды араластырамыз. Сүт қосамыз, ұн саламыз. Араластырып біркелкі масса жасаймыз. Ең соңынан қайнаған ыстық су құйып, араластырамыз.
* * *

Майланған, қызған табаға құйып, әдеттегідей құймақ пісіреміз. Арнайы табаға немесе "каменное покрытие"сі бар табада пісірсеңіздер өте оңай, жеңіл.

Жұп- жұмсақ болып шығады. Ыстық кезінде сары май жағып немесе бетін жауып қойған дұрыс. Ас болсын!



ПЕШТЕ ПІСІРІЛГЕН БРИЗОЛЬ

Құрамы:
Құймаққа
-5 жұмыртқа
-150 мл сүт;
-шымшым тұз;
-5 ас қасық ұн;
* * *

Салмаға
-500 гр тартылған ет (құрамында пияз бар);
-тұз, қара бұрыш, кориандр;
-4 қызанақ;
-400 гр ірімшік (сыр);
-6 ас қасық асқаймақ (майонез);
* * *

Жасалуы:
Жұмыртқа, сүт, тұзды араластырып, ұн қосамыз. Біркелкі қоймалжың сұйықтық жасаймыз.
* * *

Қызған табаны майлап, 1 шөміш сұйықтықты құямыз, екі жақ бетін аударып, құймақ пісіреміз.
* * *

Тартылған етке тұз және дәмдеуіштер қосып

араластырамыз. Қызанақты орташа тілімдерге кесеміз. Ірімшікті үккіштен өткіземіз.

* * *

Құймаққа асқаймақ (майонез) жағып, тартылған етті біркелкі саламыз. Қызанақ және ірімшікті салып, рулет ораймыз.

* * *

Табаға пергамент төсеп рулеттерімізді ораналастырамыз. Бетіне аздап ірімшік сеуіп, фольга жабамыз. Алдын-ала 200* С қызған пеште 30 минут пісіреміз. Сосын пештен шығарып, фольганы алып, бетіне ірімшік сеуіп (фольгасыз) тағы 10 минут пісіреміз. Жалпы пісу уақыты 30-35 минут.

* * *

Кез-келген гарнирмен ұсынсаңыздар болады. Өте дәмді. Ас болсын!



ҮРМЕБҰРШАҚ ҚОСЫЛҒАН КЕСПЕЛІ СОРПА

Құрамы (көз мөлшермен):

-жұмыртқа;
-салқын су;
-тұз;
-ұн;

* * *

-ет;
-пияз;
-қызанақ;
-сәбіз;
-болгар бұрышы;
-картоп;
-үрмебұршақ (фасоль, алдын-ала пісіріп алыңыз);

* * *

Жасалуы:

Үрмебұршақты (фасоль) алдын ала тұзды суда қайнатып, пісіріп аламыз.

* * *

Жұмыртқа және тұзды салқын суға қатты қамыр илеп, тындырып қоямыз.

* * *

Қазанға сұйық май құйып, етті салып қуырамыз. Татымына қарай тұз қосамыз, пияз саламыз. Біраз қуырылған соң, сәбіз және болгар бұрышын салып, қайнаған ыстық су құямыз. Баяу отта 35-40 минут қайнатамыз.

* * *

Осы уақытта, қамырды жайып, кеспе кесеміз.

* * *

Қайнаған сорпаға картоп және үрмебұршақты қосып, тағы 10 минут қайнатамыз. Соңынан кеспе салып 3-4 минут қайнатып пісіреміз. Дайын!

Өте дәмді, тойымды сорпа.
Жасап көріңіздер! Ас болсын!

Авторы: Аянат ҚАСЫМ
Инстаграм парақшасы: @ayanat_kassym



ЖЕМІСТІҢ бет терісіне пайдасы







Reklama



Күзде барлық жеміс-жидек пісіп қолжетімді болады. Дәл осы шақты пайдаланып, сіз де өзіңіздің бет күтіміңізге ерекше көңіл бөле аласыз. Қымбат косметикалық бұйымдарға көп ақша ңыздыш ығындамай-ақ, күнделікті аста пайдаланып жүрген көкөністер мен жеміс-жидектерден аздап қана бет күтіміңізге алып тұрсаңыз болғаны. Тек, бір есте сақтайтыныңыз – бетке қандай да бір күтім жасардың алдында, бет теріңізді алдын-ала жуып, құрғатып алуыңыз шарт. Ал, одан кейін, төмендегі кеңеске құлақ түрсеңіз болады. Өзіңіздің жеке аллергияңыздың болмауын ескеріңіз. Сонымен...

Банан жемісінің1/3 арнайы ыдысқа езіп, оған 1 шәй қасық кілегей қосып, жақсылап араластырыңыз. Таңертеңгілік астың алдында және кешке ұйықтар алдында, жарты сағат бұрын осы езбені бетіңізге біркелкі етіп жағыңыз. 15 минуттан кейін, салқын сумен шайып тастап, бетіңізді жұмсақ орамалмен құрғатыңыз.

Лимон жемісін екіге бөліп, соның 1 бөлігін жұқалап үшке бөліп алыңыз. Лимон тілімдерін бетіңізге уқалай отырып жағыңыз. Еңбегіңіздің зая кетпегенін, таңертеңгілік бет теріңіздің барқыт күйге бөленгенінен сезінетін боласыз.

Қызанақ – бет күтіміне таптырмайтын көкөніс түрі. Мұны қолданудың да еш қиындығы жоқ. Кішілеу бір қызанақты езіп, кілегеймен араластырып, бетіңізге жағыңыз. 10 минуттан кейін, бетіңізді салқын сумен шайыңыз.

Шабдалы жемісі де бет терісінің күтіміне пайдалы жеміс түрі. Қабығынан тазартылған екі шабдалыны бір ас қасық лимон шырынымен араластырып, бетіңізге жағып 15 минуттан кейін, бетіңізді салқын сумен шайыңыз.

Тәтті бұрыштың мұның бір данасын жақсылап жуып, оны ортасынан екі бөлу керек. Бөлінген бұрыштың жартысын үккіштің ұсақ көзінен өткізіп, езілген қоймалжыңды бетке жағады. 15 минуттан кейін бетіңізді әдеттегідей салқын сумен шайыңыз.

Құлпынай жемісінің де 2-3 данасын жақсылап езіп, оған 1 ас қасық қаймақ араластырып, дайын болған езбені бетіңізге жағыңыз. 15 минуттан соң бетіңізді суық сумен шайып, жұмсақ орамалмен құрғатқан абзал.

Сондай-ақ, әжімнің алдын алу үшін, мына кеңеске құлақ түріңіз. 1 жұмыртқаның сарысы, 2 қасық ұн, 1 ас қасық балды жақсылап араластырып, таза бет терісіне жағып 15 минут ұстаңыз. Сосын салқын сумен жуып тастаңыз.

Ал, бет терісі өте майлы жандарға, 10 г кәдімгі нан ашытқысы мен 50 г ашыған айранды қоюланғанша араластырып, оған бір шәй қасық жеміс шырынын қосу керек. Дайын боған езбені алдын-ала жуылған бет терісіне 15 минутқа жағу керек. Бетті салқын сумен шайыңыз.

ДИЕТАСЫЗ СЫМБАТТЫ ТҰЛҒА

Диета ұстанбай-ақ, артық салмақтан арылғыңыз келеді ме? Олай болса, төмендегі кеңестер Сіздің еш қиындықсыз арықтауыңызға көмегін тигізеді.

Тамақтың алдында стақан су ішіңіз

Тамақ ішердің алдында яғни 20 минуттай бұрын 1 стақан су ішіңіз. Ол асқазанды толтырып, аштықтың мөлшерін азайтады. Соның нәтижесінде сіз барынша тамақты аз жейсіз. Бұл әдіс бір тамақтануға арналған 90 ккал үнемдеуге көмегін тигізеді.

Көк шәйдің пайдасы

Көк шәйдің құрамында майды тоқ ішекке айдап, оның сыртқа шығуына көмектесетін катехиндер бар. Оның үстіне катехиндер майдың жану процестерін белсенді етеді. Егер арықтағыңыз келсе әрбір тамақ ішкеннен кейін бір кесе көк шәй ішіңіз.

Ащы дәмдеуіштерді қосып тамақтаныңыз

Тамақты дайындау барысында ащы бұрыш пен зімбірді жиі пайдалануға тырысыңыз. Бұл дәмдеуіштердің құрамында асқазан сөлін шығаруды белсендіретін пиперин мен капсаицин сияқты заттар бар және олар тамақ қорыту жүйесін жақсартады. Оның үстіне, ащы тамақтарды жегеннен соң денеміз қызады. Осы арқылы ағзамыздағы артық калорияны азайтуға болады.

Кешке майлы тағамдардан бас тартыңыз

Түнде уақыттарда адам ағзасы тамақтан алған энергиядан емес, май қорларынан нәр алады. Егер сіз түнгі уақытта майлы тағамды көп пайдалансаңыз, қанның құрамындағы инсулин көлемі көтеріледі де, майдың қалыпты сығымдалуы процесіне өзіндік кедергісін келтіреді. Мұндайды болдырмас үшін түнде майлы тағамдардан бас тартып, оның орнына ақуыз тағамдарын, балық, йогурт, ірімшікті қабылдаған дұрыс.

Көбірек қозғалыңыз


Спортпен айналысу кезінде көп энергия ғана жұмсалып қана қоймай, ағзадағы зат алмасу қалыпқа келеді. Ғалымдардың дәлелдеуі бойынша, тез адымдап бір сағат жүргеннен кейін ағзадағы зат алмасу процесі жылдамдайды және оның нәтижелері 12 сағатқа дейін сақталады. Оның үстіне спортпен шұғылдану, жүгіру бұлшықет қызметтерін жақсартады. Бұл өз кезегінде сымбатты денені қалыптастыруға үлкен көмегін тигізеді. Сымбатты мүсін - сіздің белсенді болғаныңыз үшін берілген сый.

Таңғы асты жақсылап ішіңіз

Таңғы ас ішпейтін адам, күні бойы мөлшерден тыс көп тамақтанып қояды. Сондықтан да таңғы аста: майлылығы аз шұжық қосылған бутерброд, йогурт немесе ботқа жеңіз. Көмірсулар мен ақуыздар сіздің ұзақ уақыт ток жүруіңізге мүмкіндік береді.

Сорпа күні

Күнде тауық етінен немесе көкөністер қосылған сорпа ішуге тырысыңыз. Олардың калориясы өте төмен, сонымен бірге сұйықтықпен бірге асқазан толып, ол аштықты басады. Оның үстіне



ыстық сорпа ас қорыту жүйесін және ағзадағы зат алмасуды жақсартады. Алайда, сорпаға майонез бен майлы қаймақ қоспауды есте сақтаған жөн.

МАҢЫЗДЫ

Диетасыз арықтағыңыз келсе өзіңіздің тамақ ішу дағдыларыңызды өзгерту керек. Мәселен, шәйға екі қасық қант салудың орнына бір қасық қант салыңыз, қуырылған тамақтың орнын буға пісірілген немесе қайнатылған тамақпен алмастырыңыз. Сіз бұдан көзге көрінер үлкен айырмашылық байқамайсыз, тек салмақ тастағанда ғана нәтижесін көресіз.

30

МАКИЯЖ ҚҰПИЯЛАРЫ





БЕТ КҮТІМІ

Бетті әрлендіргенде тоналды құралдарды пайдалану Сіздің ажарыңызды аша түседі!

РУМЯНА

Бұл міндетті емес, алайда ол макияж жасаудың тиімді бөлігі болып табылады. Оның арқасында бет-әлбет жаңарып қалады.

ЖАҚҚЫШ НЕ ҮШІН?

Жалпақ үлпілдек жаққыш (кисточка) құрғақ опа жағуға таптырмас құрал (шеңберлі қозғалыс жасау арқылы жаққан дұрыс). Алайда олар тональды негіздегі опа далаптарды жағуға жарамайды: бұларды жағу үшін саусақ немесе мақта спонжылары керек.

ЛАЙЫҚТЫ ТҮСТІ ТАҢДАЙ БІЛУ

Тональды жақпа майын таңдау кезінде оның аз бөлігін алып беттің боялмаған жеріне немесе алақанның сыртқы жағына жағып көру қажет. Оны қолмен ақырындап майдалап теріге жағасыз. Егер жаққаннан кейін түс мүлдем байқалмай, табиғи рең берсе, онда сіз өзіңіздің түсіңізді дәл таптыңыз.



БӨЛШЕКТЕР БОЙЫНА (ПО ЧАСТЯМ)

Егер сіз макияж жасауда мінсіз нәтижелерге қол жеткізгіңіз келсе, онда әртүрлі тональді құралдарды пайдаланыңыз. Дұрыс жасалған макияж ауыз үшбұрыш аумағы аздап жылтырап тұрады, ал беттің қалған бөліктері үшін қалыпты сұйық жақпаны пайдаланған дұрыс.

ТҮРЛЕРІ МЕН ТИПІ

Құрғақ теріге сұйық негіздегі тональді жақпа майын пайдаланыңыз. Ал беттің майлы бөлігіне көпіршіктелген немесе майсыз опаны жағыңыз. Шаршаңқы немесе әжімді теріге аздап жылтыратын тональды негіздерді пайдаланған жөн.



КОНСИЛЕР

«Маскировканы» проблемалық бөліктерге арнайы жаққышпен жағып, сосын саусақтармен оны тегістеу қажет. Тығыз ашық түстерді таңдаңыз. Әйтпесе қатты күңгірт түс проблемалық аумақтарды көрсетіп тұрады.

ЖАҚПАНЫ ЖАҒУ ҚАҒИДАТТАРЫ

Күндізге арналған жақпа майдың теріге сіңуіне мүмкіндік беріңіз, содан кейін ғана тональді негіздерді беттің ортасынан бастап шетіне дейін жаға бастаңыз. Мұны саусақтармен жасау өте ыңғайлы: жылы жұмсақ қолда тональды негіз жақсы еріп және тегіс жағылады. Жақпаны иекке және шаш түптеріне жеткізіп жаққан жөн.

АЙЫРМАШЫЛЫҒЫ

Тональді және әрлендіруші жақпа майлар – бір-біріне ұқсас, алайда олар егіз ұғым емес. Күнге күюге көмектесетін жақпа май барынша табиғи болады және күнге жақсы тегіс күйгендей етіп көрсетеді.

ПРОБЛЕМАЛЫҚ ТЕРІ

Егер сіздің бетіңіз тез қызаратын және бөртетін болса, оның үстіне теріде ірі тесіктер болса тығыз күңгірт консистенциялы тональды негіздерді пайдаланыңыз.

ТҰЛҒА

АЛМА АПАЙ

Адамның өз өміріндегі ғаламат ғажайыптарым деп санайтын дүниелері болуы заңды...Олардың сырт болмысы сан түрлі болар, ал ішкі мазмұны – сол адамға ерекше рух сыйлайтын қайнар көз... Мәселен, ол бір адам болуы немесе алапат арынды сезім болуы мүмкін, сол сияқты ол бір жәдігер, жадында жүрген ойлы естелік, бір сөзбен айтқанда, адам өміріне арқау болатын құндылықтар мен ғажайыптар.



Өмірімдегі ғаламат ғажайыптарымның бірі – Алма апай!Біз оқыған кезде Қазақтың мемлекеттік университеті, бұл күнде әл Фараби атындағы Ұлттық университетте оқыған шәкірттерге де, ғалым әріптестеріне де өте жақсы таныс есім. Біз үшін, апайдың алдын көріп, тағылымын алған, дәрісін тыңдаған әр шәкірт үшін, бұл есім – бренд әрі бірегей ұғым. Алма апайдың мерейтойында профессор Т. Кәкішев ағай жымиып: «Студенттер Алма апай деген соң, біз де осылай атап кеттік» деп өз сөзін тебірене бастап, өз сөзін Алма апайдың мектебі деген ойымен астастырып еді. Апайдың өзі «Тұрсынбек ағай» деп аса құрметтейтін ұстазымыз солай дегені: «демек, «Алма апай»деп атаудың өзі апайдың ұстаздық болмысын айқындайтын, халықтың сүйіспеншілігін білдіретін шынайы есім болып бекіген екен ау» деген тұжырым жасауыма ықпал етті.

Сонымен, өмірімдегі әлемнің әйдік кереметтерінің бірі ретінде таныстыратын ғажайыбым – Алма апай...Менің бүгінгі міндетім – өзімнің өмірімдегі ғажайыбым деп таныған Алма Қыраубаеваның жанында жүрген алтынға бергісіз сәттердегі озық ойлы келбеті мен ұлт ұрпағының болашағына жасаған ерен еңбегін таныстырып өту. Шындыққа тура қарайтын болсақ, Алма апайды мен меншіктене алмаймын, себебі ол кісі – «Менің Алма апайым» деп мақтанышпен айтатын әр шәкіртінің, «ежелгі әдебиетті зерттеуде қазақ ғылымында өз соқпағы бар ғалым» деп танитын әріптестерінің, «халқымыздың бірегей



перзенті» деп есептейтін адамдардың және оның еңбектерін жете танып, «қазақ деген ұлттың ұлағатын танытқан біртуар жан» деп есептейтін адамзаттың Алма апайы. Оқып отырғанда: «Осы кісі артық айтып кеткен жоқ па?» деген ой келуі мүмкін оқырманның басына....Бірден айтайын, артық айтып отырған жоқпын, әр шәкірт, әр адам, тіпті адамзатқа қатысты ой түйгенде айтар ойымның салмағын безбенге тартып, мағынасын зерделеп барып айтып отырмын.

Әлқисса, Алма апайды ең алғаш көрген кезім1983 жылдың 2 тамыз күні екен. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен ауызша емтихан. Жазбашадан өткенге шүкірлік қылып, барымды салып ауызша емтиханға дайындалып келіп отырмын. Кезегім келіп аудиторияға кіргенде келісті, келбетті екі апайдың отырғанын көрдім. Оларға зер салып та қарамадым, бар ойым билет алып, дайындалу. Аты жөнімді тіркеп алған бидай өңді апайдан қасындағы апай бірдеме сұрап, жазып алып жатты. Өз кезегім келгенде апайлардың алдына барып отырдым. Енді аңдасам, екінші қараторы апайдың өңі келісті, сөйлегенде үні өте жағымды екен. Бойымдағы қорқыныш, абдырау сезімдері жоқ болып, сенімділік пайда болғандай болды. Билеттегі сұрақтар емес, сол тақырыптарға қатысты ерекше сұрақтар бере бастады. Өмірге қатысты, өзіндік пікіріңді айтуға мол мүмкіндік береді екен, өзімді еркін сезіне бастадым. Жырдағы кейіпкер ретінде сен қандай ой түйер едің дегенде, еркінсігенім сонша,шабыттанып өлең жолдарын төгіп жіберіп ем: «Өлең де жазасың ба?» деп сұрады. Қазақ тілінен сынесімтүрлерін мәтіннен тауып, талдап біткен соң: «Егер мұғалім болсаң, тап осы тақырыпты ерекше қызықты етіп түсіндіріп берер ме едің?» – деді. Мен мектепте екі жыл аға пионервожатый болып істегенмін. Сол істегі тәжірибемнің іске асқаны, дереу сын есімді кейіпкерге айналдырып, шағын қойылым ретінде рөлдерге бөліп көрсеттім. Ол кезде менде: «Бұл емтихан ерекше болды ау»деген ой болды, ал қазір қарап отырсам, ұстаз ойы мен сынағы терең мақсатты болған екен.

Бес жыл студенттік кезеңде Алма апай біздің топқа куратор болды. Әрқайсымызды белгілі бір бағытта ұштап, баптап отырды. Студенттің бар жағдайына қанық боп, ғылыми ізденісі мен тұлғалық болмысының қалыптасуына ықпал етті.Бізге анамыздай кеңес беріп, досымыздай сырласты. Маған шығармашылықпен айналысып, көбіне әдістемелік бағытта ізденуіме кеңес беріп отырды. Үшінші курста біздің группаны өзін өзі басқаруға көшірді. Сырттай бақылағаны болмаса, группа ішіндегі мәселелерді өзіміз шешетінбіз. Апай үшін де, біз үшін де ең қиын кез – 1986 жылдың желтоқсаны болды. Сол күндердің аязды ызғарын аялы алақанымен жылытқан, жолымызда кездескен қиындықтарға қаһармен кейіпте қарсы тұрып қорғап қалған Алма апай. Ұсталып, оқудан шығарылған әр студент үшін жаны ауырды, оны жазбаларынан байқауға болады. Біз осы аласапыран кезінде ұстаз қолдауы мен қамқорлығын қатты сезіндік... Студенттік күндер артта қалды. Жолдамамен әр қиырға сапар шектік, мен отбасыммен Алматы облысының Жамбыл ауданы, Кенен Әзірбаевтың балалық шағы өткен Мәтібұлақ ауылында еңбек жолымды жалғастырдым. Хат хабар алмасып тұрдық. Апай Айман атты студентінен хат жіберетін. Бір күні Жамбыл облысына кетіп бара жатқан апай үйіме келді. Өзінің мектеп ашатынын, соған шақыра келгенін айтты. Қатты қызықтым. Сәбиіме алты ай ғана болғандықтан бара алмадым. Келесі жылы келгенде, апай енем мен атамның алдынан өтіп, мені өз мектебіне шақырып келгенін айтты. Үлкендердің келісім алып, біз апайдың Гуманитарлық қазақ мәдениеті мектеп лицейі жұмыс істеп жатқан Қаскелең өңіріндегі Жандосов ауылына келдік.

Университет оқытушысының мектеп директоры, мектеп мұғалімі ретіндегі тың бейнесін танып білдім. Мектеп мен көріп жүрген мектепке ұқсамайтыны өз алдына, мектеп жұмысының бағыты да мүлдем өзгеше...

Нағыз өмір мектебі. Мен үшін де, өзгелер үшін де. Мен мұғалімдік тәжірибемде дәстүрлі емес, қалыптан тыс сабақтарды өткізетінмін, ал мектептің қалыптан тыс болуы – менің өңім түгілі түсіме кіріп шықпаған дүние. Мектеп қызметі, мұғалім мен шәкірт психологиясы, қарым қатынасы, мұғалім имиджі, білім берудің тың бағыттары, ерекше әдістемелік ізденістер...Мен сияқты дәстүрлі мектептің ағымына ілесіп, қалыпты мұғалім болмысын сіңіре бастаған ұстаз үшін қызықты әрі қиын тірлік...

Алма апай мектеп алдында он күн дайындады. Жандосовты аралап жүріп, менің әр шәкіртіммен таныстырды. Жүзінен еркелік пен мейірім төгіліп тұрған Мақпал бикеш, өмірге ересектер көзімен үңілетін Ділдаш бикеш, жанарында ақыл мен сүйкімділік тұнған Назгүл бикеш, салмақты Нәзира бикеш, жаны таза, жүрегі аппақ Жәния бикеш, қашанда байсалды, сыпайы Шәміл мырза...Осылай он үш шәкіртіммен алдын ала жүздестім. Үйге оралған соң мағанәрқайсысына «Үшбу хат» жазу тапсырылды.

Әдістемелік жұмысты зерделеу басталды. Мектептің әдіснамалық негізі, еуропалық ғалымдар мен мектептердің білім тәжірибесін қарастырдық. Этнопедагогика мен алаш арыстарының білім беру, ағарту жұмыстарына қатысты еңбектерін талдадық. Мектеп тұжырымдамасымен танысып, жұмыс бағыттарына диагностика жасауды міндеттеді. Сабақ беру әдісінің ерекшеліктерін ашып көрсетуді, оқушы қызығушылығын ескеріп, оқыту мен оқып үйрену әдіс талаптарын айқын көрсетуді тапсырды. Бес жылдық студенттік кезеңдегі әдістеме жұмыстарына қатысты ізденісім мен университетке алғаш тапсырған кездегі «қызықты сабақ үлгісі» не үшін керек болғаны енді белгілі болды. Қарқынды еңбек басталды.

Осы жақында әлеуметтік желіде Азамат Битанның «Жыламаған ұстазды еске алу» деген жазбасы жарияланды. Төтенше жағдай кезіндегі қиындыққа шағымданған Алматы облысының мұғалімінің бейнежазбасына қатысты туған ой екен. Өз постында Алма апайдың тәуелсіздіктің қиын қыстау кезеңінде мектеп ашып, тың бағытта жұмыс істегенін ерлікке бағалаған. Расында, ол бір өте қиын кез еді. Мектептегі әр жұмысты ұйымдастыру, мектептің шаруашылық істері мен қаржылай қамтылуын қамтамасыз ету, Алматыдан келіп жұмыс жасайтын мұғалімдердің жағдайын жасау, әр оқушының отбасымен қарым қатынас жасап, психологиялық қолдау көрсету, білім беру үдерісін өз мәнінде жүргізу т.б. шаруаларды шешу оңай шаруа емес. Оған бұрын соңды бұндай жекеменшік мектеп көрмеген әміршіл әкімшіл жүйе шапанын шешпеген әкімдер мен әкімшілік талабы, кеңестік дәуірдің «бәрі неге тегін болмасқа?» деген бірегейпікірін ұстанған даулы көзқарастарды қосыңыз. Аттап басқан сайын алдын орайтын кедергілер... Соның бәрінен заңға сүйеніп, біліктілігімен жол таба білген Алма апай. Ауылды жер, ата аналардың көбісі оқу төлемін жасай алмайды. Басты мақсат – білім беру болғандықтан төленбеген ақыға кешіріммен қарап, демеуші қарастырды. Өз ортасынан іскерлік шешім болатын шешім іздеді. Бұл жерде қолөнер сабағының мұғалімі Зиба бикеге салмақ түсті. Сабақта жасалған заттарын, пісірген тәттілерін сатып, сонан түскен азын аулақ қаржыны мұғалімдерге айлық есебінде ұсынды. Азамат Битан айтқандай, Алма апай жылаған жоқ, қайта қиындықтан шығудың қайсарізденісі мен жігерлі шешім табу жолдарын көрсетті.

Алматыдағы американдық мектептен тәжірибе алмасудан өтіп жүргенімде бір шетелдік мұғалім менен: «Директор ханым оқушылар үшін «Қуаныш мектебін» ашамын деп еді, шынымен, оқушыларыңыз мектепке қуанышпен келе ме?» деп сұрады. «Иә» деген жауапты есті сала, оған қалай қол жеткізгенімізді білгісі келді. Осындай сұрақ көкейінде жүрген адамдар келіп, сабақтарға қатысып, оқушылармен сөйлесіп, шындыққа көздерін жеткізіп қайтатын. Алма апайдың мектебі еркіндік пен сенімге толы, өмірге дайындайтын нағыз шуақты «қуаныш мектебі» болды.

Әңгіме мектеп айналасында болғандықтан, оқырман ойлауы мүмкін: «Ұстаздың жан жақты қырын ашамын деп ойлап, тек мектеп туралы айтып кетті ау» деп. Сол мектеп апайдың болмысын сомдауда шешуші рөл атқарады.

Алма апай – шын мәнінде ұлы ғалым. Бұған дәлел – өзі тұжырымдамасын жасап, іс жүзінде жүзеге асырып, үш жыл сынамадан өткізіп, ғылыми негіздемесін бекітіп кеткенавторлық мектебі. Ғалымның педагогикалық, психологиялық, эксперименттік тәжірибе зертханасы болғаны да айдан анық. Мектепте рейтингтік жүйе – балдық жүйеде бағалауенгізілді. Ғалым дуальді оқыту тәжірибесін мектеп ісіне де қолдана білді. Мектепте университет ұстаздарымен бірге, ғылыми бағытта ізденушілер, универси-

тет студенттері де сабақ берді. Олар өз ой тұжырымдарының қаншалықты нақты екенін, қалай қабылданатынын тәжірибе жүзінде көріп, өз пікірін нақтылауға мүмкіндік алды. Апайдың өзі мектепте оқушының ежелгі әдебиет мұраларымен таныс болмауы ертеңгі студент үшін орны толмас кемшілік деген пікірде болды. Ежелгі әдебиет мұралары бойынша ғылыми зерттеулер мен ғылыми еңбектерді оқушының жас ерекшелігіне сәйкес ұсыну мүмкіндігін болжап, өз мектебінде сынамадан өткізді. Лицейдің 6,7,8 сыныптарында «Ежелгі әдебиет» пәні, бастауыш сыныптарда «Тілашар» пәні оқытылды. Бұл пәндерден Алма апай өзі берді. Яғни тақырыптық ұсынылым, материалды сұрыптауы, тапсырмалар дерлік ғылыми педагогикалық қағидаттар негізінде талапқа толық сай болды. Тәжірибе қорытындысында «Сорос» қорының қолдауымен «Ежелгі әдебиет» оқулығы жарық көрді.

Бұл мектеп тәуелсіздіктің алғашқы кезінде өмірге келген ұлттық мектеп моделі еді. Мектептегі білім беру үдерісі қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, алаштың озық ойлы ақиықтарының кемел ойлары мен педагогикалық ұстанымдарына негізделген. Сонымен қатар, оқушының тұлғалық, танымдық қалыптасуына ықпалы зор «Ислам мәдениеті», «Әдеп», «Әлемтану», «Елтану» сабақтарын енгізді. Негізі баланың жас ерекшелігіне қарай кейінірек «Шығыс мәдениет», «Батыс мәдениеті»тақырыбындағы тағылымдық талдаутәжірибе сабақтарын енгізу жоспарланған. Алма апай мектептегі ұстаз бен шәкірттің өзара қарым қатынас мәдениетін ерекше үлгіде қалыптастырған. Ұстаздар мен шәкірттер – мырзалар. Бұл оқушының өзін ұстазымен тең тұлға екенін, ер азаматтық жауапкершілікті сезінуіне жол ашады. Ал қыз балалар – бикештер. Оларға сабақ беретін жас мұғалімдер бике атанса, жасы үлкен, түйгені мол кісілер – бибілер. Алма бибіден өзге денешынықтыру сабағынан беретін Бақытжан бибі болды.

Мектепте сәлемдесу ерекшелігі болды. «Оқушылардың қолдарын түйістіріп, иығымен қағысып түрлі қимыл жасауы мәдениетке қайшы, жалпылдап сүйісіп, құшақтасып жатқаны да өздерінің жасына жарасымды болғанымен,өрескел көрінеді екен. Балаларды болашақ ел мәдениетін танытатын өкіл ретінде мәдениетті қимыл қозғалысқа дағдыландырсақ», деп ұсыныс тастаған ұстаз педагогикалық кеңестің бір отырысында ұзақ талқылау, түрлі ұсыныстарды қорытып барып, шешімді оқушылардың өз таңдауына ұсынды. Сонан кейін мектепте жаппай қолын жүрегіне қойып, сәл басын иіп «Армысыз!» деп амандасу дәстүрге айналды. Апайдың түпкі мақсаты өскелең ұрпақтың жан дүниесіне үңіліп, рухани мәдениет бұлағының уызына жарыған,білімді, сенімді, батыл, іскер, діңі берік, білікті тұлға – «Қазақы құбылысты» даярлау еді. Бүгінгі күнде Димаш Құдайбергеновті көрген сайын апайдың «Қазақы құбылыс» формуласы ойыма оралады.

Апайдың «Тілашар » сабағы кейде домбыра үнімен өрілетін. «Балалар, аманбысың, шырақтарым, Майысып көлге біткен, құрақтарым» деген қоңыр үні домбырамен үйлескенде заманынан қарай тілі қойыртпақталып шыққан бастауыштың бикештері мен мырзалары домбыра шерткен Алма бибісіне жатғаламшарлықты көргендей таңдана қарап, үзілісте жанына барып, домбырасын ұстап, шертіп көріп, сұрақтарын қойып жататын. Періште жүректер алдында Мүтәліп ақынның қызы, Жамбыл әулетінің келіні, яғни аңыз адам, университеттің профессоры отырғанынан мүлдем хабарсыз.

Жыр термелерді нәшініне келтіріп шырқайтын Алма апай қырғыз әндерін әуелеткенде елітіп тыңдайтынбыз. Н. Оразалин ағай адамзаттың алыбы Ш. Айтматовтың мерейтойында Алма апай ән салғанда көзіне жас алып, ерекше тебіренгенін айтады. Апайдың дауысында тұма тазалық, бұлақ сынғыры мен түркі дүниесінің күмбірі бар еді.

Алдынан білім алған әр шәкірті «Менің Алма апайым» деп мақтан тұтатын, ежелгі әдебиет арнасын зерттеп, ашып, ұрпақ игілігіне ұсынған ғалым, қазақ педагогикасына өзінің ұлттық мектеп моделін ұсынып, тәуелсіздіктің алғашқы 1993-1996 жылдарында ұлттық үлгідегі өз мектебін ашып іскерлік танытқан, білім беру ісіне тың бағытта «Авторлық мектеп» технологиясымен үлес қосқан педагог, қазақ мәдениеті мен қазақ өнерінің алтын қорына Жамбыл жырларын жинақтап, орындап жазғызып кеткен Алма апай – өз ұлтының ғана емес, озық ойлы адамзаттың мақтанышы болуға лайық тұлға.

Айсұлу ҚАСЫМБЕК,
шәкірті, ұлағатты ұстаз,
Алматы облысы

«АРУ-ҒҰМЫР»

НӘЗІК ЖАНДАРҒА АРНАЛҒАН ӘН



Белгілі әнші Қарақат Әбілдина репертуарындағы «Ару-ғұмыр» әні талай тыңдарманның жүрегінен орын алған ерекше шығармалардың бірі. Әйел затының бар болмысын бейнелейтін тың тақырыптағы ән жарыққа шыққан бойда кең тарап, сүйікті әндердің қатарына енді. Ән авторы талантты сазгер Бағлан Бәбіжан, ал мәтінін қаламы ұшқыр ақын Нәзира Бердалы жазған.

2004 жылы жас сазгер өнердегі әпкесі Бағдат Сәмединовамен бірге концерттік бағдарламамен Семей қаласына барады. Сол сапарда әнші сазгер сіңлісіне: «Әйел затының адам ғұмырындағы алар орнын көрсететін, оның әуелі нәзік жан екенін айтатын қазақта ән жоқ. Ән жазсаң, осы тақырыпты қозғап көр» деп ақыл айтады. Сапардан келген бойда сазгер әйел тақырыбында ән жазуды қолға алады.

Ол кезде Бағлан Бәбіжан «Қазақ радиосына» жұмыс істейтін. Қыркүйек айының басында ол жұмысқа кетіп бара жатады. Ойына әдемі әуен келеді. Жол бойы әнді қайта-қайта орындап, жұмысқа кірген бойда ол дыбыс жазатын студияға барып, жаңа әнін жазып алады. Сол күні әріптесі ақын Нәзира Бердалыға жолығып, ән тақырыбын айтып, өлең жазып беруін өтініп сұрайды. Ақын әріптесінің көңіл аяқ асты етпей, көп ұзамай мәтінін жазып береді. Сол жылдың күзінде ән әнші Қарақат Әбілдинаға ұсынылады. Қарақат әнді бірден ұнатып, 2005 жылдың наурыз айында өткен мерекелік концерттердің бірінде орындап, ел алдына алып шығады. Әу баста, әннің «Мен әйелмін», «Әйел бақыты» сияқты атаулары болған. Кейін ол «Ару-ғұмыр» болып өзгертілді.

АРУ-ҒҰМЫР

Әнін жазған: Бағлан Бәбіжан
Сөзін жазған: Нәзира Бердалы
Орындаушысы: Қарақат Әбілдина

Адалдығы болмаса аңсатар ма,
Ару деген – әдемі әрқашанда,
Өмір атты іздеген ән-сапарда, бақыт.

Әр таң оған ерекше күліп келген,
Әр көктемнен ерекше үміттенген,
Зулайтынын осылай біліп пе ем мен, уақыт.

Кеше ғана бәйшешек гүлдей едім,
Күнге қарап көктемде күлген едім,
Бүгін мүлдем өзгеше күйге енемін, шіркін!

Жайқалады гүлзары көнілімнің,
Мен қазақтың қызымын, келінімін,
Мен елімнің ертеңгі сенімімін, мүмкін!

Жаңаша боп туады жанған күнім,
Аспанында арманның самғап жүрмін,
Ақ некелі жарыма арнаулымын мәңгі.

Жарық қылам жер бетін нұр-сәулемен,
Қырық шырақтан құралған құрсау денем,
Бесігімді тербетем шырқауменен әнді.

Мен - әйелмін, әлемнің анасымын,
Үміт жеңген кей-кезде жан ашуын,
Күлкісі – күн,
тәні – нұр, санасы – мұң, менмін.

Нәзікпін мен, сол үшін айыптымын,
Ғажап түске боядым ғайып түнін,
Не десең де бақытқа лайықтымын, сенгін.

Дайындаған: **Ғазиза ҰЗАҚ**
Massaget.kz

ӘЙЕЛДІҢ ТАБИҒАТЫНА ЖАТ НӘРСЕЛЕР

- Дөрекі сөз, қатты дауыс, керісу – әйелдің қадір-қасиетін кетіреді, энергиясын жейді.

- Ішімдік, шылым шегу, тағы осындай жаман қылықтар әйелді сүйкімсіз қылып көрсетеді.

- Жиіркенішті нәрселерді қарау. Қорқынышты фильмдер мен түрлі жан түршігерлік нәрселерді көруге мүлде болмайды.

- Ұрысып–керісетін, шегетін, ішетін, аурасы нашар орталарда болу. Мұндай жерге гүлді апарып қойыңызшы, 1-2 сағатта солып қалады, әйелдер де гүл ғой?!

- Асығыстық, нәтиженің артынан қуалау, біреумен жарысу, жауласу, ауыр жұмыс, мұның барлығы әйелдің соры.

- Бұрыс режим. Түнгі 10 мен 2 нің арасында ай энергиясы жүреді, ол тыныштандырады, күш береді. Сондықтан, бұл уақытта ұйықтап демалу керек. Ал, күн энергиясы басталғанда, міндетті түрде ояну керек, мейлінше 9ға дейін.

- Көріксіз киім.

- Өтірік айту. Ол вишудха (өзін-өзі тану, араласу және шығармашылық қабілеттерге жауап беретін чакра) чакрасын бітеп тастайды.

- Қызғаныш және көреалмаушылық. Бұлар әйелге тән ең нашар қасиеттер.

Әйел махаббатпен жаратылған. Ол сұлулыққа үйір. Әйел адам өте нәзік және иілгіш келеді. Ол гармония, жайлылық пен бейбітшілік атмосферасын құрауы қажет. Әлем әйелмен әдемі!

Орысшадан аударған **ЭДЕЛЬВЕЙС**



Сарасөз әдеби-танымдық журналының индексі – 74974

КАЗПОЧТА, ЕРНҰР-ПРЕСС, ЭВРИКАМЕДИА, ЕРКІН-ПРЕСС АРҚЫЛЫ

1 жылға жазылу бағасы:
Қала – 6337,20т
Ауыл – 6388,80т

6 айға жазылу бағасы:
Қала – 3168т
Ауыл – 3194т

PDF нұсқасына жазылу:
1 айға - 333 тг, 3 айға - 999 тг